

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

**«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектелулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы**

**Казахский язык и литература
в русской школе**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ**

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

9/2012 ҚЫРКҮЙЕК

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ**

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

***Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.***

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<i>Басшылыққа алар тірегіңіз</i>	
Күлсін ҚАРАБАЛИЕВА.	Қазақ тілі пәнінен модульдік күнтізбелік-тақырыптық жоспар үлгілері.....3
<i>Мұғалімдерге көмек</i>	
Татьяна ДЖУНУСОВА.	Қазақ тілі сабағында жаңа технологияларды қолдану.....26
Назигүл ҚАБДОСОВА.	Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы.....31
<i>Ғабит Мүсірепов - 110 жаста</i>	
Бақыт ЗЕЙНЕЛҒАБИДЕНҚЫЗЫ.	Ғабит Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығы.....36
Қарлығаш ТЕНЕСҚЫЗЫ.	«Ана - өмір иесі».....40
Айжан МЕЙІРМАНҚЫЗЫ,	Ғажайып суреткер -
Сайран ӘМІРҒАЗЫҚЫЗЫ.	жерлес жазушы.....48
Бақтыгүл ЕРЖАНҚЫЗЫ.	Ғабаң ғаламы - көркем бейнелер алаңы.....54
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</i>	
Гүлнар ЕРҒАЛИЕВА.	Ұлт қамын ойлаған ақын.....58
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
Сағдат СЕРІКБАЙҚЫЗЫ.	Өздік есімдігінің түрленуі.....65
Балзия МОЛДАХМЕТОВА.	Жазғы саяхат туралы әңгіме құрап айту.....69
Светлана СУЗАКАЕВА.	Анықтауыш пен Ұлы Жібек жолы.....74
Айнагүл АЙТПАЙҚЫЗЫ.	Сан есім мен көбейту кестесі.....80
Сәуле ЖОЛДАСБАЕВА.	Сөйлеу тілінде - Киіз үй.....84
Лаура НҰРЫШЕВА.	Дыбыс құдіреті - домбырада.....88
Қадиша САДЫҚОВА.	Сөздік қоры мол ұлттық ойындар.....91
Файза ҚАДЫРҚЫЗЫ.	Септік жалғаулы жыл мезгілдері.....97
Жанар АЙМАХАНОВА.	«Ү» дыбысын оқыту.....101
Әсемгүл ТҰРҒАНБЕКОВА.	Шығармашыл мамандық.....105
Нұржамал ОМАРҚЫЗЫ.	Сөйлеу дағдысын қалыптастырған күзгі суретші.....114
<i>Балабақша бағында</i>	
Күнсұлу ЖИЕНТАЕВА.	Менің отбасым.....119
<i>Білім сынағында</i>	
Айгүл БЕКҚҰЛИЕВА,	Т.М.Артықованың орыс мектебінің 6-сыныбына
Айнұр ТӨЛЕНДИЕВА.	арнап жазған оқулығы бойынша құрастырылған
	тест сұрақтары.....126
Айнұр КЕҢЕСБАЙҚЫЗЫ.	Кәртішке-сұрақнамалар.....130
<i>Мұғалім мінбесі</i>	
Мендібай ӘБЛҰЛЫ.	«Чайканы» «Шағала» деп, «Глобусты»
	«Жер шары» деп қашан өзгертеміз немесе
	қазақтың қариялары орысшаны қалай
	тез үйренді?.....138

Күлсін ҚАРАБАЛИЕВА,
Орал қаласындағы
№39 жалпы орта білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН МОДУЛЬДІК КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР ҮЛГІЛЕРІ

(Пікір жазғандар: Ж.Р.Жәбесова – қалалық қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің жетекшісі. А.А.Құсайынова – қалалық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің әдіскері. Қалалық білім беру бөлімінің сараптама комиссиясының кеңесінде қаралып, қала мұғалімдеріне тарату мақұлданды).

Бұл әдістемелік көмекші құрал орыс тілінде оқытатын мектептердің қазақ тілі пәні бойынша білім мазмұнын табиғат материалдары арқылы тереңдетіп, біліктіліктерін арттыруды көздейді. Қазақ тілі пәні мұғалімдеріне қосымша құрал ретінде ұсынылады.

Мазмұны:

1. Кіріспе сөз	3-4
2. Қазақ тілін оқыту нәтижесіндегі мақсаттары мен міндеттері.....	5
3. I модуль: Табиғат тамашасы. Есімдік.....	6-7
4. II модуль: Қазақстанның қорықтары. Сын есім.....	8-9
5. III модуль: Хайуанаттар әлемі. Етістік.....	9-10
6. IV модуль: Табиғат аясында. Етістіктің шақтары.....	11-12
7. Қорықтар.....	13

8. Ақсу-Жабағылы қорығы.....	14
9. Алматы қорығы.....	15
10. Наурызым қорығы, Барсакелмес қорығы.....	16
11. Қорғалжын қорығы.....	17
12. Марқакөл қорығы.....	18
13. Жайық өңірінің басты қорғалатын бөліктері.....	19
14. Мәтіндер жинағы.....	21-26
15. Лексико-грамматикалық тест.....	27-28
16. Жауап кілті.....	29
17. Табиғат туралы мақал-мәтелдер, жұмбақтар.....	30
18. Пайдаланылған әдебиет.....	31
19. Оқушылардың шығармашылық жұмысынан.....	31-33

Кіріспе сөз

Қазақстан Республикасының «Тілдерді дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: Тіл дамуын табысты жүзеге асырудың неғұрлым маңызды шарттарының бірі – қоғамдағы жалпы мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылатын, білім мен дағдыны толық әрі терең игеру үшін барлық оқу орындарында жетекші пән болуы тиіс, мемлекеттік тілді оқытудың саны мен сапасына көңіл бөлу керек»,- делінген.

Білім сапасын көтеру дегеніміз – оқушыны жоғары деңгейге көтеру. Осы мақсатты алға қоя отырып, жаңа технологияларды қолдануды жөн көрдік. Педагогикалық технологиялардың бірі – модульдік оқыту технологиясы – әлемдік (Дж. Блок, Дж. Керрол, В.Монахов, Ю.С.Крижанская) және отандық тәжірибеде (М.М.Жанпейісова) танылған технология. Ол өзге тілді мектептерде тіл пәнін оқытуда кең қолданыс тауып отыр. Дәлірек айтқанда, орыс, ұйғыр, өзбек мектептері үшін жазылған қазақ тілі оқулықтары осы технологияның ұстанымдарын басшылыққа алған.

Модульдік технология оқу үдерісін жүйелеп оқытуды талап етеді. Бір модульдің тақырыбы келесі модульдің

тақырыбымен тығыз байланыста болу керек. Сонымен ол біртұтас грамматикалық және лексикалық блок болып табылады.

Ұсынып отырған модульдер үлгілері 7-сынып оқулығы бойынша (авторы-Т.Артықова, Б.Немеренова, А., «Атамұра», 2007) құрастырылды және қосымша материалмен қамтылды.

Табиғатқа байланысты төрт модуль бір-бірімен байланыстырылып, ретке келтірілді.

1. Табиғат тамашасы. Есімдік.
2. Қазақстан қорықтары. Сын есім.
3. Хайуанаттар әлемінде. Етістік.
4. Табиғат аясында. Етістіктің шақтары.

Оқытуды ойын түрінде ұйымдастыру және әр түрлі белсенді формаларды (топтық, топтық-жеке, жұппен жұмыс) қолдану – оқытудың міндетті шарты болып табылады.

Балаларға бірін-бірі тексеру, бағалау еркіндігі беріледі.

Оқытудың жаңа технологиясының арқасында оқушылардың үлгерім сапасы байқалады, олар белсенді болады, ауызекі сөйлеу тілі дамиды.

Мемлекеттік стандарттың және оқу бағдарламасының талаптары бойынша қазақ тілін оқыту нәтижесінде оқушы білуге тиіс мәселелер:

1. Алдына қойған өз мақсатымен қатар мұғалімнің қойған талабын білуі керек;
2. Нақты нені білуі керек, не үшін жауап беруі керек;
3. Модульге байланысты лексикалық және грамматикалық материалды білуі керек;
4. Модуль өтілгеннен кейінгі өз сөзімен ойын жеткізе білуі;
5. Оның алған білімі қадағаланады және тақырып-талады;

дағдылану керек:

1. Өзіне тілді үйрену мақсатын қою;
2. Оқу материалын қабылдау үшін ойлау қабілетін белсендіріп, алған білімін талдап, жиынтықтау керек;
3. Керекті сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді есте сақтау;
4. Тілдің төрт әрекетін пайдалану арқылы қазақ тілін үйрену;
5. Талдаудың барлық түрлерін (морфологиялық, синтаксистік, фонетикалық) жасай білу керек;
6. Әр түрлі жазба жұмыстарын орындай білу: шығарма, мазмұндама жазу;
7. Сөз тіркестерін, сөз тіркестерінен сөйлемдерді, сөйлемдерден сөз тәртібін сақтай отырып мәтін құрауға дағдылану;
8. Жатталған өлеңдерді, әндерді, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды және басқа тілдік материалдарды есте сақтау.

I модуль.

Тақырыбы: Табиғат тамашасы.

Есімдік.

Сағат саны: 7.

Модульдің құрылымы

Бөлімдері	Саб. саны	Модульдің мазмұны	Бет	Уақыты
Кіріспе	1	1. Модульдің құрамын түсіндіру. 2. Грамматикалық тақырыпты сызба арқылы түсіндіру. 3. Мәтінмен жұмыс (топтық жұмыс): а) сөздік жұмысы; ә) оқу, мәтінге ат қою; б) сызба құрастыру, әңгімелеу; в) есімдіктерді теріп жазу, түрлерін анықтау. 4. Бекіту: 5-тапсырма, 50-бет. 5. Үйге тапсырма: 4-т., 6-т., 50-бет.	49-б.	3 мин. 10 мин. 20 мин. 3 мин. 7 мин.

	2	1. Үй жұмысын тексеру (жұптық жұмыс). 2. Сабақтың мақсатын айту. 3. «Бурабай» мәтіні бойынша деңгейлік тапсырмаларды орындау. 4. «Бурабай» өлеңін оқу, талдау. 5. Сұрау есімдіктерін бекіту. 6. Үйге тапсырма: Өлең 3-т.		10 мин. 2 мин. 17 мин. 8 мин. 5 мин.
	3	1. Үй жұмысын тексеру. 2. Сабақтың мақсатын айту. 3 «Батыс Қазақстан облысының табиғаты». «Даналық ағашы» оқыта-үйрету ойыны. 4. Жалпылау есімдіктері. 5. Түсіндірме диктанты. 6. Үйге: БҚО әңгімелеу.		10 мин. 2 мин. 15 мин. 5 мин. 10 мин.
	4	1. Үй жұмысын тексеру (Рөлдік ойын). 2. Сабақтың мақсатын айту. 3. «Үлкен Алматы көлі» мәтінімен жұмыс. 4. Жұптық жұмыс: 5-тапсырма. 5. Есімдіктерді қайталау. 6. Үйге: 4-т., 54-б., Мж.	52- 53- б.	10 мин. 2 мин. 15 мин. 8 мин. 5 мин.
	5	1. Үй жұмысын тексеру. 2. Сабақтың мақсатын айту. 3. «Жүгіртпелі диктант» топтық жұмысы. 4. «Өзендер» өлеңі. 5. Табиғатқа байланысты мақал-мәтелдер. 6. Үйге: М-м, 3-т.	53- б.	10 мин. 2 мин. 20 мин. 10 мин.
	6	1. Үй жұмысын тексеру. 2. Сабақтың мақсатын айту. 3. «Қазақстан таулары» топтық жұмысы. 4. Өздік есімдіктері. 5. Үйге: 6-т., 56-б.	54- б.	10 мин. 2 мин. 20 мин. 10 мин.
Қорытынды	7	Нәтиже сабақ: 1. Диктант: Жайық өзені. 2. Лексико-грамматикалық тест.		35 мин. 10 мин.

II модуль.

Тақырыбы: Қазақстанның қорықтары.

Сын есім.

Сағат саны: 7.

Бөлімдері	Саб. саны	Модульдің мазмұны.	Бет	Уақыты
Кіріспе	1	1. Модульдің құрамын түсіндіру. 2. Тақырыпты тірек-сызба арқылы түсіндіру. 3. «Қорықтар» мәтінімен топтық жұмыс. 4. Грамматиканы бекіту.		45 мин.
Сөйлесу бөлімі	2	1. Сабақтың мақсатын айту. 2. «Ақсу-Жабағылы қорығы» мәтінімен топтық жұмыс. 3. Сын есім тудыратын жұрнақтар. 4. Бекіту.		45 мин.
	3	1. Сабақтың мақсатын айту. 2. «Алматы қорығы». «Даналық ағашы» оқыта-үйрету ойыны арқылы мәтінмен жұмыс. 3. Грамматикалық тақырыпты бекіту.		45 мин.
	4	1. Сабақтың мақсатын айту. 2. «Қорғалжын, Барсақелмес, Наурызым» қорықтары (үш топтық жұмыс). 3. Жұптық жұмыс. Жолдасыңмен сөйлес. 4. Сын есімнің шырайлары.	д\м 24-б.	45 мин.
	5	1. Үй жұмысын тексеру (Шеңбер бойымен әңгімелеу). 2. Сабақтың мақсатын айту. 3. Марқакөл қорығы. «Баяндама» оқыта-үйрету ойыны арқылы мәтінмен жұмыс. 4. Сын есімнің шырайлары.		45 мин.
	6	1. Сабақтың мақсатын айту. 2. «Батыс Қазақстан облысының қорықшалары». Тірек-кесте бойынша жұмыс. 3. Жаттығулар орындау.		45 мин.

Бақылау бөлімі	7	Нәтиже сабақ: 1. Тест. 2. Ауызша сынақ.	45 мин.
----------------	---	---	------------

Тақырыбы: Хайуанаттар әлемі

Етістік.

Сағат саны: 6.

Бөлімдері	Сағ. саны	Модульдің мазмұны	Бет	Уақыты
Кіріспе	1	1. Модульдің құрамын түсіндіру. 2. Тақырыпты тірек-сызба арқылы түсіндіру. 3. Сөздік жұмысы. 4. Терісі бағалы аңдар (түлкі, қарсақ, кәмшат) топтық жұмысы. 5. Грамматикалық тақырыпты бекіту.	61-б.	45 мин.
Бақылау, сөйлесу бөлімі	2	1. Сабақтың мақсатын айту. 2. Етістіктің болымсыз түрі. 3. Жаттығулармен жұмыс.		45 мин.
	3	1. Сабақтың мақсатын айту. 2. Жабайы аңдар (қасқыр, піл, жолбарыс), топтық жұмыс. 3. «Табиғаттың панасымыз» өлеңін оқу, талдау. 4. Етістіктің түрлері.	62-63-б.	45 мин.
	4	1. Сабақтың мақсатын айту. 2. Қоянның құлағы неге ұзын? 3. Сөздік жұмысы. 4. Сұрақ-жауап, рөлге бөліп оқу.		45 мин.
	5	1. Хайуанаттар бағы (жұптық жұмыс). 2. Жаңылтпаштарды жаттау. 3. Тұйық етістік.	65-б.	45 мин.
	6	Нәтиже сабақ: мазмұндама жазу.		45 мин.

IV модуль.

Тақырыбы: Табиғат аясында. Етістіктің шақтары.

Сағат саны: 11.

Бөлімдері	Сағ. саны	Модульдің мазмұны	Бет	Уақыты
Кіріспе	1	1. Модульдің құрамын түсіндіру. 2. Тақырыпты тірек-сызба арқылы түсіндіру. 3. Сөздік жұмысы. 4. Аңшылық (топтық жұмыс). 5. Грамматикалық тақырыпты бекіту.	67-б.	45 мин.
Сөйлесу бөлімі	2	1. Сабақтың мақсатын айту. 2. Етістіктің болымсыз түрі. 3. Деңгейлік тапсырма орындау. 4. Жаттығулармен жұмыс.		45 мин.
	3	1. Сабақтың мақсатын айту. 2. Атбегі (топтық жұмыс). 3. Өткен шақ. 4. Бекіту.	68-б.	45 мин.
	4	1. Сабақтың мақсатын айту. 2. Құсбегі (топтық жұмыс). 3. Сөздік жұмысы. 4. Сұрақ-жауап. 5. Келер шақ.		45 мин.
	5	1. Қоршаған орта. 2. Сөздік жұмысы. 3. Жұптық жұмыс.	70-б.	45 мин.
	6	1. Қоршаған ортаны қорғау күні. 2. Етістіктің шақтары.	72-б.	45 мин.
	7	1. Арал теңізі.	72-73-б.	45 мин.
	8	Ағаш ек! Деңгейлік тапсырмаларды орындау.	74-75-б.	45 мин.

9	Табиғатты қорғау.	75- 76- б.	45 мин.
10	Қызыл кітап.	77- 78- б.	45 мин.
11	Нәтиже сабақ: 1. Тест. 2. Диктант. Туған жердің табиғаты.		10 мин. 35 мин.

Қорықтар

Біздің елімізде табиғат ресурстарын тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауға ерекше көңіл аударылып отыр.

Қазақстанда сұлу Көкше, Баянауыл, Қарқаралы, Қызыларай, Кент таулары, Бурабай, Жасыбай көлдері, Алтай ормандары, бау-бақшалы Жетісу жерлері бар. Қай жерге барсақ та табиғаттың қайталанбас сұлу көркін, баға жетпес байлығын көреміз. Бірақ табиғаттың бұл қазынасы сарқылмайтын қор емес, оның өміршеңдігі, өсіп-өнуі, жасанып-жандануы аялы алақан қамқорлығын күтеді. Сондықтан табиғаттың қайталанбас сұлулығы мен байлығын сол қалпында сақтаумен қатар дамытып жетілдіруде, сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктерді қорғап, санын қалпына келтіруде мемлекеттік қорықтардың рөлі өте маңызды.

Қорық жеріндегі аңдар мен құстарды өлтіруге және аулауға, олардың ұяларын, індерін және басқа паналайтын жерлерін бұзуға рұқсат жоқ. Қорықта өсіп тұрған ағаштарды, бұталарды сындыруға, шөптерді шабуға болмайды. Қорық аумағын кесіп өтетін жолдар салуға, мал айдап өтуге тыйым салынған. Қорықтар – кешенді зерттеулер жүргізетін ғылыми мекемелер.

Жаңа сөздер: қазына – клад.

сарқылмайтын – неисчерпаемое.

кешен – комплекс.

тыйым салынған – запрещен.

Тапсырма: 1. Мәтінді түсініп оқы.

2. Мәтін бойынша сұрақ құрастыру (топтар бір-біріне сұрақ қояды).

3. Кестені пайдаланып, сын есімдерді теріп жазу.

Ақсу-Жабағылы қорығы

1926 жылы Ақсу-Жабағылы қорығы құрылды. Қорықты ұйымдастырудағы ең басты мақсат – батыс Тянь-Шанның табиғаты тамаша көріністерін сол қалпында сақтау, зерттеу, тау сілемдерімен ұштасып жатқан аршалы ормандарды, сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктерді қорғау.

Ақсу-Жабағылы қорығында аса сирек кездесетін, «Қызыл кітапқа» енгізілген өсімдіктердің 18 түрі сақталып отыр. Мұнда, әсіресе, шипалық қасиеті жоғары қылша, қара аңдыз, шайқурай сияқты өсімдіктердің қоры мол. Сондай-ақ қорықта құрылыста және үй жиһаздарында қолданылатын техникалық өсімдіктер де көп.

Қорықтағы жануарлар дүниесі де алуан түрлі. Тұяқтылардың өкілі – марал, арқар, таутеке, елік, жабайы шошқа, ал жыртқыштардан: аю, барыс, қызыл қасқыр, түлкі, сусар, борсық, ақкіс пен аққалақ, кеміргіштерден: суырлар, қарақас, соқыртышқан, қосаяқ және басқа да толып жатқан тышқандар тіршілік етеді.

Қорықта құстардың 238 түрі өмір сүреді. Тау аңғарларының бүркіт, тазқара, ұлар, кекілік, шіл, бөдене сияқты құстар тұрақты мекендейді.

Қорықта қорғауды қажет етіп отырған құстардың бірі – Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген көк құс. Ол – жылылықты сүйгіш тау құсы. Сол сияқты қорық жерінде дуадақ пен безгелдек те, аңшылыққа байланысты қазақ

\ «Қазақстан қорықтары» кітабынан\

Сөздік: *сусар – кунница;*

қосаяқ – тушканчик;

дуадақ – дрофа;

ұлар – горная индейка;

кекілік – куропатка;

бөдене – перепелка;

қара аңдыз – бобер.

I топқа тапсырма:

1. Мәтінді түсініп оқы;

2. Мәтіннің мазмұнын орыс тілінде айтып бер;

3. Мәтіннен сын есімдерді теріп жаз.

2-топ: Мәтінге 5 сұрақ құрастыр, жауап бер.

3-топ: Тірек сызба құрастыр, сызба бойынша мазмұнын айтып бер.

Алматы қорығы

Бұл қорық алғаш рет Іле Алатауындағы Кіші Алматы орман шаруашылығының территориясында 1931 жылы ұйымдастырылды.

Алматы қорығы табиғаттың әр түрлілігіне қарай жануарлар әлеміне де бай. Қорықтың тау бөлігінде барысты, ақтырнақты аюды, елікті, жабайы шошқаны, борсықты, кірпіні, марал мен таутекені, сілеусінді, ал құстардан: құр, бұлбұл, тоқылдақ, жапалақты және таудың биік құздарынан ұларды, қозықұмайды көруге болады. Қорық жерінде алай кесірткесі, көлбақа мен жасыл құрбақа да кездеседі.

Мұнда марал сирек кездеседі. Бұл аң шырша, жабайы алма өсетін және жапырақты орманды жерлерді мекендейді.

Қорықта ақтөс сусар, орман көркі – ақтиін кездеседі.

Қорықтың шөл мен шөлейт аймақтарына таралған тұяқты аңдардың бірі – қарақұйрық. Қазіргі кезде ол халықаралық «Қызыл кітапқа» еніп отыр. Сондықтан да олардың саны

қарайдан-жылға өсіп келеді. Бірақ олар жыл маусымдарына қарай қорықпен бірге көршілес жерлерге кетіп қалады да, онда табиғатқа қас адамдардың атқан оғына тап болады.

Жаңа сөздер:

сілеусін – рысь;

жапалақ – сова;

қарақұйрық – джейран;

кесіртке – ящерица.

Тапсырма: «Даналық ағашы» оқыта-үйрету ойыны арқылы мәтінмен жұмыс.

Ойынның шарты: Мәтінді оқушылар мұқият оқып шығады. Содан соң әрқайсысы мәтін бойынша сұрақ құрап, оны қағазға жазады. Сұрақтары сандықшаға салынады. Осыдан кейін мәтінді тағы бір оқып шығады. Әр оқушы сандықшадан сұрақ жазылған бір қағазды алып, дауыстап оқып, толық жауап беруі тиіс. Басқалары сұрақ пен жауапты бағалайды. Олардан кейін мұғалім бағалайды.

Қорғалжын қорығы

Қорғалжын мемлекеттік қорығы Ақмола облысының Қорғалжын ауданында орналасқан. Қорықтың өлкесінде табиғаттың әсем де бағалы жерін сақтау мақсатымен 1958 жылы ұйымдастырылған. Қорғалжын қорығының басты байлығы – су құстары. Мұнда құстардың көптігі сондай, әдетте, Қорғалжын қорығын «құс базары» деп атайды. Бұл сөз текке айтылмаған. Көктемде Қорғалжын көлінің маңайымен миллионға жуық үйрек-қаздарды, қызғыштармен қасқалдақтарды, әсіресе, дүние жүзінде сирек кездесетін аққу, бірқазан, көкқұтан және қоқиқаздарды немесе қызыл қаздарды көруге болады. Онда неше түрлі терісі бағалы аңдар да кездеседі. Олар: ондатр, дала суыры, зорман, күзен, жабайы шошқа, ақбөкен, қоян, түлкі сияқты аңдар.

Қорғалжын қорығының көркі, мақтанышы – дүние жүзінде өте сирек кездесетін әсем, ғажайып құс – қоқиқұс

(фламинго). Қорықтың осы қазды қорғаудағы рөлі зор.

Қорықта, көбінесе, жусан, көкпек, боз селеу секілді өсімдіктер өседі. Өзен, көл жағаларында құрақ, қамыс, тал биік те бітік өседі. Мұның өзі қорық өңіріне көрік беріп, оны шөл даладан өзгеше етіп, табиғатын байыта түседі.

Тапсырма: Оқушылар үш топқа бөлінеді. Топтарға мәтіндер үлестіріледі. Топтағы оқушылардың омырауларында 1, 2, 3, 4 деген нөмірлері бар. Сол нөмірлері бойынша тапсырмаларды орындайды:

1. Мәтінді оқып, сұрақтар құрастыр; (бір-біріне сұрақ қойып, жауап береді);

2. Тірек-сызба дайындап (Ватманға фломастермен жазып, тақтаға ілу), мазмұнын айту;

3. Мәтіндерден сын есімдерді теріп жаз, түрлерін анықта.

4. Венн диаграммасын құрастыр.

Топтар бір-бірін толықтырады.

Марқакөл қорығы

Марқакөл қорығы Шығыс Қазақстан облысындағы Марқакөл ауданында орналасқан. Ол 1976 жылы ұйымдастырылды. Өткен ғасырдың басында Марқакөлдің атағы жер жаратын. Онда балық қоры мол болатын. Көл байлығын есепсіз аулау оның қорын мүлдем азайтып жіберді. Көлде балық аулауға тыйым салынды. Табиғаты әсем бұл жерге жыл сайын көптеген туристер мен демалушылар келетін болды.

Марқакөл қорығы – аң-құстардың түрлеріне де бай. Қорық байлығының бірі – бағалы терісімен даңқы шыққан бұлғын. Ал, қорықтағы барыс пен сілеусінді көре қою оңай емес. Олардың саны тіпті аз. Мұнда жиі кездесетіні – марал мен еліктер, бұландар. Көктемде қысқы ұйқыдан оянып, орман ішінде серуен жасап жүрген аюларды да жиі көруге болады.

Сондай-ақ мұнда Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген қара дегелек те тіршілік етеді. Сол сияқты көл жағасындағы сирек өскен ағаштардың арасында балықшы түйғындар ұшып жүреді. Аққұйрықты су бүркіті де ұя салып, көбеюде.

Тапсырма: «Баяндама» оқыта-үйрету ойыны арқылы мәтінмен жұмыс.

Мұғалім оқушыларға мәтінді оқуды (гонг), соңынан оның мазмұнын сурет, белгі, сызба түрінде беруді ұсынады. Бұл «шпаргалканы» оқушы оң жағындағы көршісіне береді.

Енді әрқайсысы өз көршісінің суреттерін немесе сызбаларын қолдана отырып, осы мәтін бойынша «баяндама» жасайды.

«Баяндама» мазмұнын неғұрлым кең ашып, оны қорғап, ең жақсы көрнекі құрал ұсынған оқушы жеңімпаз болады.

Балыққа – су, құсқа – ауа,

аңға – орман, дала, тау...

Ал адамға Отан қажет.

Отанды қорғау – табиғатты қорғау.

\М. Пришвин\

Жайық өңірінің басты қорғалатын бөліктері

Қорықшалар	Кирсанов зоологиялық қорықшасы	Жалтыркөл зоологиялық қорықшасы	Бударин зоологиялық қорықшасы
Салынған жылы.	1967 ж.	1967 ж.	1967 ж.
Мақсаты.	Қорықша әуел бастан сирек кездесетін құндыз сияқты аңдарды қорғау үшін ұйымдастырылған.	Жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің Экологиялық жағдайын реттеу үшін, зерттеу үшін ашылған.	Өсімдіктер дүниесінің одан әрі өсіп-өніп, оларды одан әрі сақтап қалып, қалыпты жағдай туғызу үшін ашылған.

Аңдар мен құстар.	Құндыз, жұпар тышқандар, дала сусары, күзендер, қабан, түлкі, бұлан, күзен, сары шымшық, қызыл құйрық торғайлар, лашын мен құр, үкілер, сұр қарға, құлақты жарқанат, бүркіт.	Құстардың түрлері өте көп: сұқсыр үйректер, сұр қаздар, аққу, шағала, бірқазан, қабан, киік, қоян, қарсақ, т.б.	Құстардың 120 түрі, балықтардың 30 түрі, сүтқоректілердің 20 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 10 түрі кездеседі.
Өсімдіктер.	Емен, үйеңкі ағаштары, қарағай, ақ және қара қайыңдар, қара терек, шегіршін, итмұрын, долана.	Қамыс, қара жусан, тұзды, сортаңды белдеулер.	Емендер, көк теректер мен қайыңдар, қандыағаштар жойылып кеткен. Шегіршіндер тек бір азғантай қана көлемін алады.

Тапсырма:

1. *Өткен мәтіндерді және берілген мәліметтерді пайдаланып, Ақжайық қорықтары туралы әңгімелеңдер.*
2. *Қай топтың әңгімесі толық болады?*
3. *Эпиграфқа көңіл бөліңдер.*

Қарсақ

Қарсақ түлкіге қарағанда сәл кішілеу, жүнінің реңі біркелкі, тек құлағының түсі ақ келеді. Ол тереңдігі 1-2, ұзындығы 4-6 метр ін қазады, кейде суыр інін мекендейді. Жемін түнде аулайды. Бұл жыртқыш та түлкі сияқты онша қорек талғамайды, ол негізінен саршұнақтармен және ұсақ кемірушілермен қоректенеді. Қарсақ жылына бір рет 2-6 күшік туады. Қар қалың жылдары жылы жаққа қарай қоныс аударады. Қысқы терісі бағалы аңдар қатарына жатады.

Кәмшат

Кәмшат – біздің елімізде кездесетін ең ірі кеміргіш. Дене тұрқы 75-120 см, салмағы – 20-30 кг. Суда тіршілік етуге жақсы бейімделген. Кәмшат Еуропада, Азияда және Солтүстік Америкада таралған. Қазақстанда соңғы жылдары кәмшат Жайық өзенінің жағасындағы жапырақты ормандарда кездесе бастады. Кәмшат – өте қымбат бағалы аң. Ертеде бір кәмшаттың терісі бір ат пен төрт сиырға тең болған. Біздің елімізде қазіргі уақытта бір кәмшаттың терісінің дайындау бағасы өте қымбат. Қазақстанда өте сирек кездесетін осы қымбат бағалы аңның қорын молайту үшін оларды қорғауға алып, қамқорлық жасауымыз қажет.

Орман-Тоғай зары

(ертегі)

Баяғыда бір Орман мен Тоғай деген кемпір мен шал өмір сүріпті. Олардың Қарағай, Емен, Терек деген ұлдары, Қайың, Шырша деген қыздары болыпты. Олар тату-тәтті «Табиғат» деген әп-әсем үйлерінде ың-шыңсыз ғұмыр кешкен екен. Бір күні ел шетіне жау тиіпті. Бұларға андасанда шауып тұратын Адам атты жау бар екен. Еш аяусыз, еш ескертусіз сол жау бұларға жұт болып келген көрінеді. Алдымен Терек, Қарағай ұлдарын өлтіріп, кезек Еменге келгенде, ол: «Мені ая, қалдыра гөр, сендерге жасаған жаманшылығым жоқ қой», - деп зар илейді. Оны түсінер Адам бар ма? «Сенде жазық жоқ, менде отын жоқ» деп қиратып салады. Онымен тоқтаса екен, қыздарға да кезек келді. Қайың мен Шырша қосыла шыңғырып: «Тоқтатымына бассыздығыңды! Әдемілік пен мәңгілікке қалай ғана балта шабасың?» - дегенде, Адам баласы: «Әдемілік маған ас болар деймісің? Ал мына дүниеде мәңгілік ештеңе де, ешкім де жоқ», - деп жауап қайтарып, балтасын армансыз құлаштай сілтейді. Сөйтіп, қайсар Қарағай, мықты Емен, көңілді Терек

пен әдемі Қайың, мәңгілік жасыл Шырша осылай опат болған. Ал Орман шал мен Тоғай кемпір мұндай қайғыға шыдай алмай, көкіректері қарыс айырылып, алжып кетіпті. Олар күні бүгінге дейін жел соқса, боран соқса – ызыңдап, сыңсып жоқтау айтады екен.

/Газет материалынан/

Бурабай

... Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Әрқайсысы алтын кесе аясында.

Ауасы – дертке дауа, иісі – жұпар,
Көкірек, қанша жұтсаң тоясың ба? –

деп жырлаған ақын Сәкен Сейфуллиннің өлеңі бар. Онда «Қазақстан Швейцариясы» атанған Көкшетау, Бурабай көлі, көл ортасындағы Жұмбақтас жырланады.

Олардың әрқайсысы туралы аңыз бар. Мысалы, Бурабай көлі туралы мынадай аңыз бар:

Ертеде бір қасиетті бура (түйе) болған екен. Ол бір аяғымен жерді соқса – соғыстың басталатынын, жүгірсе – қуаныш болатынын білдіріпті.

Бура бір күні көлдің жағасында жайылып жүреді. Оны бір қарақшы көреді. Қарақшы бураның алдыңғы аяғынан атады. Бура ақсаңдап қашады. Оның бір көзінен жас, бір көзінен қан ағыпты. Сол көз жасынан осы Бурабай көлі пайда болыпты.

Тапсырма сұрақтары:

1. Бурабай көлі қай жерде?
2. Оның табиғаты қандай?
3. Бурабайға адамдар не үшін барады?
4. Ол жер неге Бурабай атанған?

Деңгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

III деңгей.

1. Мәтіннен есімдіктерді теріп жаз, түрлерін ажырат.
2. Мына сөйлемдерді қазақшаға аудар:

а) Они имеют свои легенды.

ә) Это было прекрасное животное.

б) Браконьер стреляет по передней ноге верблюда.

II деңгей.

1. Қарамен жазылған сөздердің синонимін тап:

а) Ол **қасиетті** жануар болыпты.

ә) Оны бір **қарақшы** көреді.

б) Бура **ақсаңдап** қашады.

2. Мәтінді әңгімеле.

I деңгей.

** Үлгі бойынша сөйлемдерді есімдіктермен жаз.*

Үлгі: Мен Бурабайда болдым.

1. Бурабайда болдым.

2. Табиғаты өте ұнады.

3. Келесі жылы демалуға осында қайта барамыз.

** Қазақстандағы демалыс орындары туралы әңгімеле.*

Рөлдік ойын

Сынып балалары топтарға бөлінеді. Сенім, Делегат (Өкіл), Таңдау, Бәрі деп паракқа жазылған. Әрбір топтан бір оқушы келіп, өз топ атауларына таңдау жасайды. Өз атауларына байланысты тиісті тапсырмаларға жауап береді.

Мұғалім «Сенім» тобына – Мен сендерге сенемін. Үй тапсырмасын сұрамаймын. Сендер сұрақ қоясыңдар.

«Делегат» тобынан бір оқушы өкіл ретінде шығып жауап береді.

«Таңдау» тобынан мұғалім өзі таңдап сұрайды.

«Бәрі» тобынан оқушылар түгелдей жауап береді.

«Жүгіртпелі» диктант

Тақтаға үш топқа арналған диктант мәтіндері ілінеді. Әр топтың оқушылары бір уақытта кезек-кезек тақтаға шығып оқып, өз топ ойыншыларына жазғызады. Жазып болған соң,

дәптерлерімен алмасып, мәтін бойынша мұғалім көмегімен тексереді, баға қояды.

Батыс Қазақстан облысының табиғаты

Батыс Қазақстан облысының табиғаты солтүстіктен оңтүстікке, батыстан шығысқа қарай өзгеріп отырады. Облыстың солтүстігінде, Жайық бойы орман алқабында талдар, қайың, терек, үйеңкі, шегіршін, шетен сияқты ағаштар кездеседі. Осы орманға өзінше көрік беретін емен ағашы сирек кездеседі.

Орман ішінде бұғы, қабан, қасқыр, түлкі, қоян кездеседі. Оңтүстікке қарай ауа райының өзгеруіне байланысты өсімдік және жануарлар түрлері сирей бастайды. Негізінен шөлге төзімді жан-жануарлар мекендейді. Олар: жылан, кесіртке, саршұнақ, қосаяқтар. Кейбір өсімдіктер және жануарлар түрлерінің сиреп кетуіне байланысты облыс көлемінде бірнеше қорықшалар ұйымдастырылған. Олар: Краснов, Дарьинск, Бударин, Көшім.

Облыс жерінде Жайық, Шаған, Деркул өзендері, Шалқар көлі бар. Өзенде сазан, табан, шортан, алабұға, көксерке, жайын, майшабақтар кездеседі. Жайық өзенінің басты байлығы – бекіре тұқымдас балықтар.

Тапсырма: «Даналық ағашы» оқыта-үйрету ойыны арқылы мәтінмен жұмыс.

Жайық өзені

Жайық өзені – Қазақстандағы ірі өзендердің бірі. Орал тауының етегінен басталып, Каспий теңізіне құяды.

Өзен балыққа бай, соның ішінде ең бағалысы – бекіре тұқымдастары. Балық аулау – ежелден тұрғындардың кәсібіне айналған.

Облыстың ірі елді мекендері осы өзен бойында орналасқан. Өзеннің облыс экономикасының дамуына өзіндік үлесі

мол. Өзен арқылы құрылыс материалдары, мұнай өнімдері, ағаш, көмір тасымалданады.

Егін, көкөніс, саяжай шаруашылығының дамуына өзеннің маңызы зор.

Өзен табиғаты өзінің сұлулығымен жұртшылық назарын аударып келеді, әсіресе, жазғы айларда. Жайық бойында «Ақжайық» емдеу-сауықтыру, жастар туристік базасы, жазғы балалар демалу орындары бар.

Табиғаттың панасымыз

Ағаш өзін қиғанды

Ат сияқты тебе алмас.

Гүл де жұлқып жұлғанды

«Неге өйтті!» - деп сөге алмас.

Аю байғұс аяғын

Алса жырып, қанатып,

Жарасын кім таңады?

Кім бар бағып-қағатын?!

Түйіп айтар сөзіміз:

Табиғаттың панасы –

Біздің мына өзіміз,

Адамзаттың баласы. *(М.Әлімбаев)*

1. Өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын ауызша айт.

2. Өсімдік, жануарларға қалай қамқорлық жасайсың, әңгімеле.

3. Мәтіннен есімдіктерді теріп жаз, түрлерін анықта.

4. Өлеңнің авторы туралы не білесің?

Лексико-грамматикалық тест.

(Модуль: Табиғат тамашасы. Есімдік)

1-нұсқа.

1. Есімдіктің неше түрі бар?

а) 5; ә) 3; б) 6; в) 7.

2. Көп нүктенің орнына тиісті есімдікті қой:

Табиғатты қорғау – ... адамның борышы.

а) біздің; ә) бүкіл;

б) сенің; в) бәрі.

3. Белгісіздік есімдігін белгіле:

а) бәрі, барлық; ә) біреу, бірдеңе;

б) анау, бәрі; в) ол, кім.

4. Сөздердің аудармасын тап:

1. табиғат. а) прозрачный.

2. мөлдір. ә) чистый воздух.

3. таза ауа. б) земля.

4. жер. в) природа.

5. бұлақ. г) родник.

5. Бурабай көлі Қазақстанның қай жерінде орналасқан?

а) Қостанай; ә) Көкшетау;

б) Алматы; в) Семей.

6. Сөйлемді дұрыс құрастырындар:

1 2 3 4 5

Өседі, мен, қайың, ормандарда, терек.

7. Ешкім, ештеңе, ешқашан есімдіктің қай түрі?

а) жіктеу, ә) жалпылау,

б) болымсыздық, в) сұрау.

8. Мақал-мәтелдерді сәйкестендір:

1. Жері байдың; а) соны оарсың;

2. Не ексең; ә) балтадан;

3. Ағаштың ажалы; б) егіз;

4. Жер мен ел. в) елі бай.

9. Сілтеу есімдігі қандай сұраққа жауап береді?

а) қанша? ә) қай?

б) қалай? в) қайтіп?

10. «Ө» дыбысы қай сөзде жазылады?

а) Ш ... үгім; ә) М ... дени;

б) Ж ... қып; в) Б ... лтірік.

Жауап кілті

№	1-нұсқа
1.	В
2.	Ә
3.	Ә
4.	1. в; 2. а; 3. ә; 4. б; 5. г.
5.	Ә
6.	4 3 2 5 1
7.	Б
8.	1. в; 2. а; 3. ә; 4. б.
9.	Ә
10.	В

«Табиғат» тақырыбына байланысты мақал-мәтелдер, жұмбақтар:

1. Жері байдың – елі бай.
2. Жердің сәні – егін,
Ердің сәні – білім.
3. Жер тоймай, ел тоймайды.
4. Не ексең, соны орарсың.
5. Сулы жер – нулы жер,
Бұлақты жер – тұрақты жер.
6. Жаздың бір күні
Қыстың мың күнін асырар.
7. Көлдің көркі – құрақ,
Таудың көркі – бұлақ.
8. Екпесең, жер қысырайды;
Күтпесең, көл қысырайды.
9. Батар күннің атар таңы бар.
10. Ағаштың ажалы – балтадан.

Тапсырма: Мақал-мәтелдерді түсініп оқы, жатқа біл.

Жұмбақтың шешуін тап:

1. Тұмсығымен ояды,
Ұя салып қояды.
Табындаршы, балалар,
Ол қандай құс болады? \ тоқылдақ \
2. Бір құс бар екі аяқты, сегіз бармақ,
Түлкі, қасқыр, қоянның бәрін алмақ. \ бүркіт \
3. Ұшқаны қызық жалпылдап,
Өзі сондай қарқылдақ. \ қарға \

4. Күндіз соқыр не деген?
Түнде қандай көреген. \ үкі \

Тапсырма: Қазақ тіліне тән дыбыстарға сипаттама бер.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР «Білім туралы» Заңы, А., «Юрист», 2007.
2. Мемлекеттік стандарт, Астана, 2004.
3. Т.Артықова, Б.Немеренова. Қазақ тілі оқулығы, 7-сынып. А., «Атамұра», 2007.
4. Бағдарлама. 7-сынып. А., «Атамұра», 2005.
5. Т.Артықова. «Оқыту әдістемесі». А., «Атамұра», 2005.
6. «Қазақстан қорықтары». А., «Санат», 2008.
7. М.Жанпейісова. «Модульдік оқыту технологиясы». А., 2002.
8. П.Дебело, В.Фомин. «Ақжайықтың қорықтары». Орал, 2000.
9. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы. №7, №10, 2006.

Татьяна ДЖУНУСОВА,
Қарағанды қаласындағы
№83 жалпы орта білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

«Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі байырғы, әрі жас, отты да ойнақы қазақ тілі» менің өмірімде ерекше орын алады. Қазіргі таңда қазақ тіліне ерекше көңіл бөлінгендігі белгілі. Ол бүгінгі өмірдің талаптарына сай маңыздылығымен ерекшеленеді.

Елбасы жүргізіп отырған парасатты саясаттың арқасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі де елімен бірге өзінің қайта өрлеуінің әрбір күні ғасыр жүгін арқалаған, ауыр болса да – абыройлы, күрделі кезеңнен жүріп өтті. Ендігі мақсат – тәуелсіз Қазақстанның өсіп келе жатқан жас ұрпағын өз Отанының мемлекеттігінің кепілі – мемлекеттік тілді құрметтеуге баулу, оны оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру болмақ.

XXI ғасыр – жаңа технологиялар ғасыры.

Қазақ тілін түрлі жаңа технологияларды қолдана отырып оқушы қызығушылығын арттыруға және қазақ тілін жылдам әрі тиімді үйреніп алуға болады. Қазіргі таңда инновациялық технологиялардың көптеген түрлері бар. Атап айтсақ, модульдік технология, сын тұрғысынан ойлау,

тірек-сызба технологиясы, дамыта оқыту, проблемалық оқыту, деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы және ойын технологиясы, ақпараттық технология және т.б.

Мұғалім оқушыны ынталандыру, пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында бастауыш және 5-6-сыныптарда сабақты төмендегідей жолдармен өткізуіне болады:

- Сабақта тақырыпқа байланысты схемаларды, кестелерді, суреттерді кең көлемде қолдану;
- Интерактивті тақтаны қолдану арқылы тақырыпқа қатысты слайд-шоу, бейнетаспаларды көрсету;
- Сабақта техникалық құралдарды тиімді қолдану;
- Сабақты ойын түрінде өткізу.

Ойын технологиясы арқылы сабақты жоспарлаудың маңыздылығы – баланың шығармашылығын дамытуға, эстетикалық сезімін, зейінін тәрбиелеуге қолайлы жағдай туғызуында.

Өзге ұлт балаларына қазақ тілін ұтымды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен жаңа технологияларды іздестіреті отырып, мынандай мәселе қойылды: «Ойын технологиялары арқылы қазақ тілінен жасөспірімдердің тілін дамыту».

Мақсаты – бүлдіршіндерге күнделікті тұрмысқа қажетті сөздерді меңгерте отырып, еркін сөйлеу дағдыларын ойын, тірек-сызбалар арқылы қалыптастыру, сөйлеу мәнерін, сөйлеу тілдерін жетілдіру.

Мақсатқа сай бірнеше міндеттер қойылды:

- Ойын технологиялары және тірек-сызбалар арқылы сөздік қорды молайту;
- Тірек-сызбаларды түсіне білу;
- Тірек-сызбалар бойынша сөйлемдер құрастыра білу;
- Сөздік қорды монолог, диалог арқылы нығайту;
- Мемлекеттік тілде еркін сөйлей білу;

Мәдениет нышандарын қалыптастыру (амандасу, сәлемдесу);

Ұлтымыздың салт-дәстүрлерінің элементтерін ұғындыру.

Жорамалдау: Егер ойын және үлестірмелі кәртiшкелер арқылы әр балаға жеке тірек-сызбалар жасап, сабақтарда жиі қолданса, осының барлығы балалардың қызметінде ойлау қабілеттерін белсендіреді, сөздік қорларын байытады, білімдерін тереңдетеді, балалардың қазақ тілін оқуда жоғары нәтижеге қол жеткізуіне мүмкіндік береді, білімдерінің сапасы – 85-90%.

Күтілетін нәтиже:

Жаңа сөздерді тез меңгере алады;

Мемлекеттік тілге деген қызығушылықтары арта түседі;

Әрбір сабақ қызықты өтеді;

Әрбір баланы жан-жақты тани аламын;

Бала өзіне тән тапсырмаларды орындай алады.

Қазіргі білім беру саласында, әсіресе, орта мен жоғары сыныптарда озық технологиялар қолданылуда.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңіндегі басты мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни, ақпараттық технологияларды пайдалану. Жаңа ақпараттық технологиялар – қажетті техникалық және бағдарламалық жабдығы бар компьютер. Білім беру жүйесін ақпараттандыру ісі жаңа оқыту технологияларын дайындауды талап етеді. Оларға басылымдар, электрондық оқулықтар, мультимедиялық оқу құралдары мен электрондық жазбалар (аудио-бейне құндақтар) жатады: Ә.Құрышжановтың «Қазақ тілі» оқулығы, Ш.Бектұровтың «Қазақша сұхбат» дискісі, «Тілашар», «Жас толқын» атты мамандықтарға арналған бейне-құндақтар, т.б. Сабақ барысында компьютерді қолданудың жақсы жақтары:

1. Түрлі-түсті иллюстрациялар есте сақтау үдерісі үшін пайдалы.

2. Әр сабақта сөйлеу әрекетінің төрт түрі де қолданылады: тыңдалым, сөйлесім, оқылым, жазылым.

3. Бірнеше рет тыңдау мен оқып-білген материалдарды қайталай алады.

Сабақта электронды кітаптарды пайдаланудың да маңызы өте зор. Себебі, ол оқушының танымдық көзқарасын қалыптастыруға, ізденісін ұлғайтуға, шығармашылық қабілетін арттыруға, өзіндік жұмыстарды тез орындауға көмектеседі. Оқу үдерісінде жаңа технологияларды қолдану аса маңызды. Өзімізге белгілі жаңа технологияларды қолдануға көп үлес қосып жүрген зерттеуші ғалымдар қатарына У.С.Полат, Е.Н.Дмитреева, С.В.Новиков, Т.А.Помелова жатады. Шыныменен, жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолдану үлкен рөлге ие болып, барлық салада қолданылуда. Интернет-технологиялар ақпаратты іздеуге, халықаралық ғылыми жобаларды әзірлеуге, ғылыми зерттеулер жүргізуге үлкен мүмкіндіктер туғызады.

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Мұғалім әңгімелейді, түсіндіреді, ал оқушы тыңдайды, қабылдайды, ойлайды, т.б. таным әрекеттерін жасайды.

“Жүз рет естігеннен бір рет көрген артық” деген сөздерді ескере отырып, сабақтарымызда мүмкіндігіне қарай мультимедиялық проекторды пайдаланып отырсақ, сол мұғалімнің ұтары мол деп ойлаймын. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әр қилы жүзеге асырылуы мүмкін.

Осы технологияны пайдаланудың тиімді тұстары:

- оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
- танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;

- мұғалімнің уақытын үнемдейді;

- қосымша мәліметтер береді.

Яғни, қазақ тілі сабақтарын слайдтар, флипчарт қолдану арқылы өткізсек, әр сабағымыздың өзінде оқушыларды баурап алатынымыз сөзсіз.

Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін меңгеру өте маңызды. Ол оқушылардың ой-өрістерін кеңейтеді, халықаралық достыққа, мәдениетке тәрбиелейді. Оқушының жеке тұлғаретінде дамуына жағдай жасауға бағыт алып отырған бүгінгі білім беру жүйесінде әлемдік стандарттар талабының негізгі компоненттерінің бірі деп танылған көптілдік оқытуға көңіл бөлу бүгінгі заман тапсырысы болып табылады. Қазақ тілінің мұғалімі оқытудың жаңа технологиясын жан-жақты меңгеріп, соңғы жарық көрген ғылыми-әдістемелік әдебиеттердегі тәжірибелі ұстаздардың оқыту әдістерін оқып-үйреніп, оларды өз жұмысында орынды қолдана білуі керек.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, “Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында”.

Сондықтан біз, ұстаздар, ХХІ ғасырдың біздің алдымызға қойып отырған барлық талаптарына сай болып, білімімізді үздіксіз көтеріп отыруымыз қажет. Әлемдік бәсекелестікте табысқа жету үшін күшті рух пен білім қажет деп білер болсақ, еліміздің келешегі талантты, дарынды, өзіне сенетін жастардың қолында екендігін мен өзімнің шәкірттеріме үнемі айтып отырамын.

Біздің мақсатымыз – заман талабына сай білімді де білікті маман тәрбиелеу.

САРАЛАП ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Заман ағымына ілесу – ұлы мұрат. Білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасының білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Қазіргі педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңаша оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясының ерекшеліктері:

- Таланттылар өз қабілеттері мен икемділігін одан әрі бекіте түседі;
- Әлсіздер оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылады;
- Күшті топтарда оқуға деген ынта артады;
- Білім дәрежесі бірдей оқу топтарында оқу жеңілдейді және т.б.

Қазіргі сабағыма профессор Ж.А.Қараевтың тұжырымдамасы негізінде жасалған модульдік әдісті пайдаланамын.

Жаңа тақырыпты оқушылар шығармалық ізденіс үстінде меңгеруі қажет. Сондықтан мұндай сабақтарда оқушының ынтасын, белсенділігін арттыру үшін оларға проблемалық сұрақтар қойылады. Тақырып бойынша жасақталған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқыту идеясын жүзеге

асыру мүмкіндігін береді. Өйткені ол оқушының ойлануын, елестетуі мен есте сақтауын, белсенділігін, дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді. Нәтижесінде оқушылардың табиғи қабілеттеріне, қызметтеріне сәйкес жоғары көтерілуіне және дарындылық қасиеттерінің ашылуына толық жағдай жасалады. Әр оқушы ұстаздың бағыттауымен дұрыс орындалған тапсырмаларды «+» белгісімен өзі белгілеп отырады.

Оқушы өз қызметін ең төменгі деңгейдегі тапсырмаларды орындаудан бастайды. Оларды толық орындап болғаннан кейін ғана келесі деңгейге көшеді. Бұл оқушылар арасында белсенділік туғызады және оқушының мемлекеттік стандарт деңгейінде білім алуына кепілдік береді.

Аталған жаңа бағалау әдісі әр оқушының дамуын қадағалайтын педагогикалық мониторинг құруға мүмкіндік береді. Ол үшін сабақтың соңында жиналған ұпайларына сәйкес нүктені оқушы өзі «даму мониторингі» бетіне белгілейді. Мониторинг бойынша мұғалім әр оқушының өткен материалды қандай деңгейде меңгергенін қадағалап, үлгермеушімен жұмыс жүргізеді. Бұл жағдайда әр оқушы әр тақырып бойынша бағаланады.

Оқушының даму мониторингісі оның жеке басының қабілетіне қарай тақырып бойынша игерген білім сапасының объективті сипатын көрсетеді. Осы жағдайда оқушылардың даму деңгейі бағдарлармен емес, уақыт өткен сайын өзін-өзі салыстыру арқылы анықталады. Ол оқушыға деген ізгілік қатынасты көрсетеді. Ал ұстазға сабақтан тыс уақытта оқушымен жеке жұмыс істеуі үшін үлгерімі төмен оқушыға қажет тақырыпты анықтауына және оқу сапасын көтеруге мүмкіндік туады.

Біріншіден, жаңа педагогикалық технология ұстаз шеберлігін жетілдіруге ықпал жасаса, екіншіден, шәкірттің ойлау қабілетінің ұштала түсуіне әсер етеді. Оқытуды

ізгілендіру жағдайында өзін-өзі жетілдіріп, тәрбиелеуші тұлға қалыптастыруға болады.

Төрт кезенді сабақ.

Қазақ тілі пәні бойынша «Қыстырма сөздер» тақырыбын оқытуда сабақты саралап, деңгейлеп оқыту әдісі тиімді. Сабақ өту 4 кезең бойынша ұйымдастырылады.


1-кезеңде жаңа тақырыпты оқушыларға өздігінен меңгерту үшін өткен тақырыптардан қажетті және оған негіз болатындай төмендегі сұрақтар пысықтап өтілді (2-3 минут)

1. Оқшау сөздер дегеніміз не?

2. Оқшау сөздердің түрлерін атаңыз.

3. Оқшау сөздердің орыс тіліндегі баламасын тауып, бағдар сызықпен көрсетіңіз, жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруға көңіл бөлінді (8-10минут). Жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеруге жетелейді. Төмендегі тапсырмалардың жауабын оқушылар тауып алып, кестені толтырады:

А) кестені толтырыңыз.



№	Мағынасы	Сөздер
1	Қуанышты, ренішті білдіреді.	
2	Сенуді, мақұлдауды, мойындауды білдіреді.	
3	Ойдың кімнен, қайдан екенін көрсетеді.	
4	Шамамен ғана я сенер, я сенбестікпен айтылғанын білдіреді.	
5	Бір ойдың алдыңғы жақта айтылған оймен байланысын қорыту ретінде айтылады.	
6	Ой тәртібін білдіреді.	

Ә) Оқшау сөздердің ерекшеліктерін жазыңыз.

Б) Оқшау сөздердің тыныс белгісін қойыңыз.

- оқшау сөз сөйлемнің басында келсе...

- оқшау сөз сөйлемнің соңында келсе...

- оқшау сөз сөйлемнің ортасында келсе...

В) Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қыстырма сөздердің мағыналық түрлерін сипаттап беріңіз.

2. Қыстырма сөздерді мағыналық түрлерге бөліңіз.

8-10 минут өткен соң оқушылармен осы сұрақтарды бірге талқылаймыз. Оған 10-12 минут уақыт кетеді. Бұдан біз сабақтың негізгі мақсатына жетеміз. Сұрақтардан кейін, қыстырма сөз сөйлемдегі ойға қатысты сөйлеушінің түрлі көзқарасын білдіретін оқшау сөздің бір түрі екенін түсіндіріп қана қоймай, қыстырма сөздерді мағыналық топтарға бөле отырып, ережелерді, грамматикалық ұғымдарды есте сақтау арқылы ғана емес, оны оқушылармен логикалық талдау жасай отырып, қыстырма сөздерді орынды пайдалана білу арқылы, өздігінен орындалуына берілетін тапсырмалар бойынша өз бетімен шешім қабылдауын жүзеге асырамын.

3-кезеңде оқушылармен кері байланыс жасалды, олардың алған білімін тексеру, біліктілігі мен дағдысын тереңдетіп оқыту көзделеді.

Мұнда оқушылар деңгейлік тапсырмаларды орындап баға алады.

1-деңгей (5 ұпай):

1. Мәтіннен қыстырма сөздерді тауып, оқып беріңіз.
2. Өзінді тексер (ереже).
3. Әрине, әлбетте, рас, шынында, бәсе қыстырма сөздері қандай мағынада қолданылады?

2-деңгей (10 ұпай, алгоритмдік):

1. Тест сұрақтарына жауап беріңіз.
2. «Қыстырма сөздер» кестесін толтыр.
3. Сөйлемдерді тексеріп, қыстырма сөздердің тыныс белгілерін қойыңыз.

3-деңгей (эвристикалық):

1. Сөйлемдегі ойға күмән келтіру үшін жұмсалатын қыстырма сөздерге 3 сөйлем ойлап жазыңыз.
2. Берілген сұрақтарға қыстырма сөздерді пайдалана отырып, жауап беріңіз.
3. Сандардың орнына керекті қыстырма сөздерді қойып, мәтінді оқыңыз.

4-деңгей (шығармашылық):

1. Қыстырма сөздердің менің өмірімде алатын орыны. Өз ойыңды айт.
2. Деңгейлік тапсырмаларды аяқтап, білімдерін бағалағаннан кейін, тақырып қорытындыланды.



Бақыт ЗЕЙНЕЛҒАБИДЕНҚЫЗЫ,
Донецк орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша ауданы.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Сабақтың мақсаты: Қазақтың белгілі жазушысы туралы қажетті мәлімет беру. **Міндеттері:** Оқушылардың Ғабит Мүсірепов туралы білімдерін тереңдету. Сөздік қорын молайту, тіл дамыту. Жазушының өмірін үлгі ету. Әдебиетті сүйе отырып, адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеу.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Ойшақыру:

- Қазір ауа райы қандай болып тұр?

- Балалар, мына бір шумақ өлең жылдың қай мезгілі туралы?

Қар еріп, су ағады,

Сарқырап сайға толады.

Күн ұзарып, жылиды,

Бұл қай кезде болады?

- Осы жыл мезгілінің бір тамаша мейрамы бар. Балалар, ол қандай мейрам? (Наурыз)

- Міне, балалар, бүгін біз осы мейрамда дүниеге келген жазушымен танысамыз.

3. Презентацияны қосу (*сабақтың соңына дейін*)

ойнайды).

«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?!»- деп Абай атамыз айтқандай, осындай тамаша мейрамда дүниеге келген қазақтың белгілі жазушысы – Ғабит Мүсірепов.

- Сабақты З.Қабдоловтың Ғ.Мүсірепов туралы айтқан ғажап сөздерімен бастайын.

“Ғабит Мүсірепов – ардақты ат! Мүсірепов туралы мың сөзден “Мүсірепов” деген бір сөздің мағынасы әлдеқайда терең, мазмұны әлдеқайда бай. Демек, Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ, Мүсіреповпен мақтану керек... Қағаз бетіне түскен қолының дірлеткен тұсы болмаған, әрқашан еркін, батыл, байсалды қозғалған, әр сөз орнында шебер құрылысшының кірпішіндей берік қаланған да отырған.”

- Балалар, Ғабит Мүсірепов кім?

- Мүсірепов Ғабит Махмұтұлы – қазақ халқының әйгілі жазушысы, белгілі қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, Социалистік Еңбек Ері.

- Енді, біз жазушының өмірбаянына тоқталып өтейік.

Мүсірепов Ғабит Махмұтұлы 1902 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданының «Жаңа жол» ауылында шаруа отбасында туған. Бала кезінде ауыл молдасынан оқып, ескіше хат таниды. Ғабит 1917 жылы Қостанай уезінің Обаған болысындағы екі сыныпты орыс мектебіне оқуға түседі. Оның ұстазы – қазақтың белгілі ұстаз ақыны Бекет Өтетілеуов. Осы мектепті бітірген соң болашақ жазушы Пресногорьковтегі жоғары бастауыш училищесіне түсіп, жеті жылдық

мектеп көлемінде білім алады.

- Жазушы қандай білім алды?

1923 жылы Ғ.Мүсірепов Орынбор қаласындағы жұмысшы факультетіне (рабфакқа) оқуға түседі, орыс және әлем әдебиетінің саңлақтарын, ұлттық сөз өнерінің үлгілерін құмарта оқиды.

1926 жылы жұмысшы факультетін бітірісімен жазушы бір жыл Омбы қаласындағы ауылшаруашылық академиясында оқиды.

- Жазушының ең алғашқы шығармасы қалай аталады?

- Ғабит Мүсіреповтің алғашқы әңгімесі – «Қос шалқар» 1928 жылы жазылған.

- Ғабит Мүсірепов қайда қызмет еткен?

- 1928-1938 жылдары баспасөз, әр түрлі орындарда жауапты қызметтер атқарады. Ал, 1938-1955 жылдар арасында бірыңғай әдебиетпен айналысады. 1956-1966 жылдары Ғ.Мүсірепов «Ара-Шмель» атты сатиралық журналдардың бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы қызметін атқарып, 1966 жылдан кейін қайтадан бірыңғай жазушылық өнерімен шұғылданады.

Ғабит Мүсірепов 1985 жылы қайтыс болды.

- Енді, балалар, жазушының шығармаларына тоқталып өтейік.

Қаламгер ондаған мақала мен очерк, әңгіме мен новелла, ұлттық драматургияның алтын қорына қосылған «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері - Ақтоқты», «Амангелді» пьесасы мен «Қазақ солдатты», екі томдық «Оянған өлке», «Ұлпан» романы және «Кездеспей кеткен бір бейне» поэмасын жазды.

- Ғабит Мүсіреповтің жеткен жетістіктері.

- 1968 жылы «Кездеспей кеткен бір бейне» кітабы үшін Абай атындағы республикалық сыйлық алды. Оның шығармаларының негізінде кинофильмдер түсіріледі. Ол бірнеше мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің, бір рет КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болып сайланды. Екі мәрте Ленин орденімен және Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталды.

Қорытынды.

- Ғабиттің шығармалары қазақ әдебиетінің майталмандары М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, С.Сейфуллиннің туындыларымен қатар төл әдебиетіміздің мақтанышы болып табылады.

- Осы сабақты жазушының мына сөздерімен аяқтағым келеді:

“Әрбір сөз өзінің көркемдік күшімен де, мағыналық тереңдігімен де, жасалу шеберлігімен де халық талабына сай болса ғана қасиетті болмақ”.

Расында да, Ғабит Мүсірепов шығармаларының тілі арқылы қазақ тілінің байлығын, көркемдігін көреміз.

- Осымен, балалар, Ғабит Мүсіреповтің 110 жылдық мерейтойына арналған ашық сабағымыз аяқталды. Көңіл бөліп тыңдағандарыңызға көптен-көп рахмет! Көктемнің шуақты күнінде дүниеге келіп, артына өшпес мұра қалдырған осындай белгілі жазушымыздың алдында бас иеміз.

Үй тапсырмасы: Ғ.Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығы.

«АНА – ӨМІР ИЕСІ»

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: ұлы жазушы Ғабит Мүсіреповтің ана тақырыбына жазған әңгімелерін талдау.

Міндеттері: білімділік – әңгімені қорытып талдау, өз ой-сезімдерін айта білуге үйрету. Оқушылардың психологиялық көңіл толғаныстарын байқау; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорын, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту; **тәрбиелік** – «Ана» деген ұғымды терең түсіне білуге, сезінуге, аналарды құрметтеуге, қамқор болуға тәрбиелеу, мейірімділікке, адамгершілікке баулу.

Әдістері: сұрақ-жауап, сайыстыру, іздендіру.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, тарих, ән, қазақ тілі, шет тілі.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!?

I. Индуктор:

а) Оқушылар зейінін сабаққа аудару;

ә) Психологиялық дайындық:

- Бір-біріне жақсы сөздер айту.
(Қуанышты көңіл-күй сыйлау).

II. Реконструкция.

Ассоциациялық қатар құру (2 нұсқада құру):

I нұсқа:

Ғабит Мүсірепов.

- Кім?

1. Сыныптасым.

2. Досым.

3. Жазушы.

4. Ағам.

II нұсқа:

АНА

- Қалай түсінесіңдер?

1. Туған жер.

2. Туған елім.

3. Ең жақын адам.

4. Туысым.

- Оқушылар ойын тыңдату, айтқандарын тақтада жазып отыру. Қосымша мәліметтер мұғалім тарапынан қосылады. Мысалы: сөз зергері, қоғам қайраткері, суреткер жазушы. М.Горькийдің ана туралы әңгімелерін қазақ тіліне аударған.


“Өлімді жеңген ана” әңгімесі бойынша ассоциациялық қатар құру:

Ана

Ақсақ Темір

2. - Балалар, бүгінгі сабағымыздың мақсаты: Өткен сабақта өтілген Ғабит Мүсіреповтің М.Горькийден аударған «Өлімді жеңген ана» әңгімесін қорытындылау, «Ана» деген ұғымды терең сезіну. Бүгін осы әңгімені қалай түсінгендеріңді байқау үшін сабақ кезеңінде деңгейлік тапсырмаларды орындаймыз.

III. - Балалар, осы әңгімедегі «Темір хан» мен «Әйелге» ассоциация жасандар, әрі өз көңіл-күйлеріңді түрлі түстермен белгілеңдер.



IV. Социализация.

а) «Ана – өмір иесі» шеберханасы.

I. Деңгейлік тапсырмалар:

1. Әңгімедегі басты кейіпкерлер кімдер?(Ақсақ Темір мен ана)

2. Әңгіменің басты тақырыбы не? (Ана махаббаты)

3. Оқулықтан Ақсақ Темірдің бейнесін суреттеген жерді тауып оқы.

II. Блиц турнир:

- Ақсақ Темір кім?

- Ол қанша жыл елдерді жаулаған?

- Ақсақ Темір ажалға неліктен кектенді?

- Елдің сүйегінен нелер салдырды?

- Балалар, II бөлімде Әйел-ананың құдіреттілігін,

оның күші неде екенін оқыдық, соны енді рөлге бөліп оқып, үзінділер арқылы көрейік.

III. Мәнерлеп оқу.

Темір хан патша шатырында төрде отыр, қасында билер.

Нөкер: - Тақсыр, бір әйел келіп тұр, сізді көрем дейді.

Өзі арабша сөйлейді. Үсті-басы кір-кір, шаң-шаң.

Темір:

- Әкеліндер!

Нөкерлер жалаң аяқ, шашы жалбыраған бір әйелді әкелді.

Әйел кіріп келіп: - Баязит сұлтанды жеңген сен бе?

Темір: - Иә, мен! Мен талайды жеңгем. Оны да жеңдім. Ал сен неге келдің?

Әйел: - Онда тыңда! Сен не істесең де – адамсың. Ал мен – анамын. Сен өлімге қызмет етсең, мен өмірге қызмет етемін. Сен өлім шашсаң, мен өмір шашамын. Дүниеге адам әкелдім, білдің бе?! Сондықтан мен сені адамға санамаймын да.

Темір: - Маған ешкімнің бағасы керек емес. Мен ешкіммен есептеспеймін. Жұмысыңды айт, әйел!

Әйел:- Онда тыңда, өлімнің егіншісі – Темір. Сен менің алдымда кінәлісің. Менің алдымда кінәнді жусың деп келдім. Өйткені, мен – Анамын! Сен өлім сепсең, мен дүниеге өмір себем. Сені жеңем!

Темір ойланып: - Өзің отыршы, сені тыңдағым келіп барады.

Әйел кілемнің үстіне келіп отырады.

Әйел: - Мен Салерно деген жерден келдім. Ол алыста. Италияда. Менің жалғыз ұлым бар еді. Ол өте сұлу, ақылды болатын. Баязит сұлтан әскерімен әкеммен күйеуімді өлтіріп, баламды алып кетті. Міне, 4 жыл болды, баламды іздеп жүрмін. Естуімше, балам сенде, өйткені, Баязит сұлтанды сен жаулап алғансың. Өзіме қайтар ұлымды! Ұлымның қайда екенін сен білесің!

Көпшілік: - Мынау жынды шығар. Не дейді?

Темір хан: - Әйел, сен алыс жерден келдің. Жолда тау бар, теңіз бар, орман бар, одан қалай өттің? Әрі аң, құс бар. Олар саған тимеді ме?

Әйел: - Мен бір-ақ теңізге ұшырадым. Онда арал көп екен, балықшы да көп екен. Балықшы көп болған соң, онда қайық бар. Теңізден қайықпен өттім. Сүйген ұлыңды іздесең, қайықпен де өтуге болады екен. Ал, тау дейсің, мен тауды байқағаным да жоқ, орман маған отын бергеннен басқа тоқтау қылған жоқ!

Темір хан: - Ал, аңдар ше?

Әйел: - Иә, олар кездесті. Сен сияқты өлім шашып тұратын барыс екі рет кездесті. Олар маған тек қарап тұрды. Мен олармен сенімен сөйлескендей сөйлесіп жүрдім. Олар менің ана екенімді түсінді. Аңның да баласын сүйетінін білмейтін бе едің?

Темір хан: - Солай, әйел! – басын изеп,- аңдар адамнан гөрі өз баласын артық сүйеді. Ең қатты жауыздық Адам баласынан шығады.

Әйел: - Адам деген – бала ғой. Әр адамның баласы бар. Сен, шал, білесің бе, сені де әйел тапты. Сен

Құдайдан бас тарта алмайсың? Бер, баламды, қайтар өзіме. Өйткені, мен – анамын, баламды сүйем!

Темір хан: - Мен – тәңір құлы Темірмін, тек тиісті сөзді ғана айтам! Мен біраз жасқа келдім. Отыз жыл бойы қара жер табанымда ыңырсыды. Неге бүйтеді дейсің ғой. Мен – патшамын. Патшаның патшалығы неғұрлым кең болса, соғұрлым оның өзі де ұлы патша. Мен патшалығымды кеңейте беруім керек. Әйтпесе мен қандай патшамын? Сондықтан мемлекетті басып алып, өзіме бағындырам. Бұл бір. Екінші, өлім менің жалғыз ұлым Жәңгірді алып, жүрегімді сөндірді. Сондықтан өлімнің құрбандығына адам алып, кегімді алып жүрмін. Менімен патшалық үшін, ел үшін көп Адам алысты. Ал Адам үшін ешкім алысып көрген жоқ. Мен үшін Адам кім? Менің алдымда неге тұрады? Мен оны білмеймін. Мен – тәңір құлы Темірмін, тиісті сөзді ғана айтам! Менің алдымда әйел отыр. Бұл әйел бүгінге дейін білмеген сөзімді қозғап, мені жеңіп барады. Бұл әйел менен өтінбейді, бұйырады. Бұл әйелдің неге мұнша күшті екенін түсіндім деп ойлаймын. Бұл – өмір иесі, бұл – ана, бұл ұлын сүйеді. Ұлын сүюі, ол өмірдің ұшқыны ғой. Сол ұшқыннан бірнеше ғасырдан кейін жалын туар. Мен жерге өлім ектім, қанмен жақсылап суардым. Қазір жердің майы сорғалап, қыртыстанып тұр. Осы жерге бақыт егетін Адам керек шығар... (ойланып қалады).

- Мен тәңір құлы Темірмін, тиісті сөзді ғана айтам. Үш жүз әскер қазір жердің төрт бұрышын аралауға аттансын. Тапсын мына әйелдің ұлын! Әйел осында күте тұрады. Мұнымен бірге мен де күтем. Кімде-кім мұның ұлын атқа мінгізіп әкелсе, ол шын бақыттың дәмін татады. Солай ғой, әйел?

Әйел бетіне түскен шашын кейін сілкіп:

- Солай! Осыны істе!- деп азырақ езу тартады.

Осы кезде Ақсақ Темір орнынан тұрып, әйелге басын иді.

- Рахмет, балалар, Әмір Темір мен Ананың бейнесін, әңгіме желісін еске түсірдік, енді келесі тапсырмаға көшейік.

V. Осы тақырыптағы «Әмір Темір» мен «Әйел» бейнелеріне өз қалауларыңша эссе жазыңдар (5 мин) 1-2 оқушыға оқыту.

VI. Әңгіменің ішінде Әйел-ана туралы айтылған ойлар бар. Соны тауып оқыңдар.

1-оқушы: - Мақтасақ – әйелді мақтайық та, құрметтесек – әйелді құрметтейік. Әйел-ана – барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес пе?!

2-оқушы: - Дүниеде әйелді құрметтеп, әйелді нұрға бөлейік те. Әйел-ана, дүниедегі жалғыз күш қой: оның алдында Азияның айбарлы арыстаны Темір де, Темірді жеңген өлім де басын иді.

3-оқушы: - Құрметтейік те, көтерейік те әйелді. Ана-әйелді құрметтейік. Оның сүюі таусыла ма? Адамда не қасиет болса, бәрі күннің көзі мен ананың ақ сүтінен жаралған.

4-оқушы: - Бас иейік те, құрметтейік те ұлы адамдарды дүниеге әкелген ананы. Аристотельді де, Фирдаусиді де ана әкелді. Ұлы Гомер де, Ескендір де – ананың баласы. Бәрін де дүниеге әкелген – ана.

«Ананың анасы» әңгімесін тыңдау. Жанды дауыс әдісі.

Шағын сайыс өткізу:

- 1) Бәйге (зымыран сұрақтар);
- 2) Тіл өнері (полиглот тапсырмалары);
- 3) Автор орындығында;
- 4) Білгірлер;
- 5) Ділмар;
- 6) Көкпар.

Қорытынды.

Ана – үйдің берекесі, қыз баланың өнегесі, шаруаның несібесі. Ананың көзінен нұр төгіліп, жан-жағына шуағын төгеді. Осы шуақпен жылынып, асыл ананың құшағында мейір алып жүрген біз – алтын ананы мәңгі кастерлеп, еңбегін бағалап өтейікші!

Замандастардың ойларымен таныстыру (Қосымша ақпарат жинақтайды).

Әр топқа жеке кәртішкелерде жазылған Ғабит Мүсірепов туралы айтылған пікірлер таратылады.

- Қандай жаңа ақпарат алдыңдар? (алған жаңа ақпараттарымен ассоциациялық қатар толықтырылады).

IV. Рефлексия.

-Бұл әңгіме мазмұнын қандай түстермен ашуға болады?

«Ананың анасы» әңгімесі мазмұнын түсті қағаздармен белгілеу. Өз жұмыстарына талдау жасау.

Үйге үш деңгейлі тапсырма: әңгімеден ұнаған үзіндіні жаттау; тақырыпқа қатысты мақал-мәтелдерді жаттау; сурет салып, ойын қорғау.

Бағалау.

Айжан МЕЙІРМАНҚЫЗЫ,
Сайран ӘМІРҒАЗЫҚЫЗЫ,
«Гаршин орта мектебі»
мемлекеттік мекемесінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімдері.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан,
Гаршин ауылы.

ҒАЖАЙЫП СУРЕТКЕР – ЖЕРЛЕС ЖАЗУШЫ

Сабақтың мақсаты: «Сөз зергері» Ғабит Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығы туралы оқушылардың таным, білім көкжиегін кеңейту. **Міндеттері:** білімділік – шығармаларына шолу жасату; дамытушылық – оқушыларды шыншылдыққа, ұлтжандылыққа, мейірімділікке, ананы сүйіп, құрметтеп, қадірлей білуге баулу; тәрбиелік – оқушыларды мейірімділікке, анасын сүйіп, құрметтеуге, қадірлей білуге және патриоттыққа тәрбиелеу.

Түрі: конференция сабағы. **Әдіс-тәсілдер:** әңгіме, лекция, түсіндірмелі әдіс, салыстыру, мәтінмен жұмыс. **Көрнекі құралдар:** Ғ.Мүсіреповтің портреті, туғандарының суреттері; Ғұмырнамасы; Жазушының кітаптары; Ана, Отан туралы қанатты сөздер. Ж.Баласағұн сөзі; Слайдтар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылардың ойын жинақтап, зейінін сабаққа

аудару (1-2-слайд)

II. Жаңа сабақ. Кіріспе сөз:

1-мұғалім: - Халықтың рухани байлығы – шын мәніндегі көркем әдебиетті жасайтын тек қана табиғи ұлы дарындар екені – талассыз шындық. Туған елінің көркем әдебиетін саф алтындай талай-талай шығармалармен байытып, абыройын биіктеткен бірнеше алыптар тобының қатарында тұрған – Мүсірепов Ғабит Махмұтұлы (3-слайд).

1-оқушы Ғ.Мүсіреповтің өмірі жөнінде қысқа мағлұмат береді (4, 5-слайд).

- Мүсірепов Ғабит Махмұтұлы 1902 жылдың 22 наурызында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, «Жаңа жол» ауылында дүниеге келген. Бастауыш орта мектебін ауылда оқып, 1926 жылы Орынбордағы жұмысшылар факультетін бітірген. Омбыдағы ауыл шаруашылық институтында бір жыл көлемінде білім алған соң, 1927-1928 жылдары Бурабайдағы техникумда сабақ береді. 1928 жылдан бастап қоғамдық істерге араласып, партия, баспасөз орындарында жұмыс істейді. 1933 жылы Қазақ АКСР Оқу халық комиссариатының өнер секторының меңгерушісі, 1934-1935 жылдары «Қазақ әдебиеті», кейін «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы, одан кейінгі жылдары да баспасөз қызметінде талай істер атқарған. 1962 жылы СССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Ол Жапония, Египет, Алжир, Италия, т.б. көптеген елдерді аралады. Қазір біздің ауданымыз Ғабит Мүсірепов есімімен аталады. Ал, енді, келесі слайдтардан жазушының туған-туысқандарының суреттерін көрейік (6-10-слайд).

2-мұғалім: - Балалар, бүгінгі біздің конференция

сабағымыз Ғабит Мүсіреповтің шығармашылығына арналмақ. Біздің бүгінгі сабағымыздың мақсаты – оның әдеби туындыларына тоқталу, үзінділерін оқу және талдау арқылы білімімізді тереңдету.

1. Тақтадағы сөзжұмбақты шешу: (11-слайд)

Ш

а

Қ

Т

Б

л

Ш

а

о

і

қ

е

Ұ

й

п

М

л

ж

а

г

л

р

о

М

ү

с

і

р

е

п

о

в

о

с

т

к

н

а

ш

е

н

і

о

е

н

с

ш

р

й

н

т

а

е

ь

п

1. «Тимка-Димка» қайда жұмыс істеді?
 2. «Ұлпан» романындағы Ғабиттің атасы мен оның аттасы кім еді?
 3. «Қазақ солдаты» романындағы Қайроштың үйі өртенген орыс достарының бірі?
 4. Ұлпанның қызының аты кім?
 5. Ауылдың тұрмысын салыстырып жазған әңгімесі: «Қос ...».
 6. Қайрошты жанына алған Бораш пен белгілі тіл маманы болғанАхметов.
 7. Еснейдің жары, ел анасы –
 8. «Қазақ батыры» – қазақ солдаты...?
 9. «Тулаған толқында» қай шығармасының жанры?
- 1-мұғалім:** - Енді, ана туралы не білесіздер екен, соны анықтайық.

Шыңғыс Айтматовтың «Ананың алақаны әлемді әлдилейді» деген нақыл сөзі бар. Бұл сөзді қалай түсінесіздер? / Оқушылардың пікірлері тыңдалады/

1-оқушы: - Ана – бізді өмірге әкелген Ұлы тұлға.


2-оқушы: - Ана – біздің қамқоршымыз.

3-оқушы: - Ана деген сөз – әлемдегі ұлы сөз, Ең бірінші – туған жерің, екінші – Анаң тұрады.

4-оқушы: - Ана туралы көптеген әңгімелер, өлеңдер, әндер жазылған. Ана – жыр.

5-оқушы: - Ана туралы көптеген мақал-мәтелдер бар. /Алып анадан туады. Ана алдында құрмет – Ата алдында қызмет. Ананың сүйген жері отқа да күймейді, оқ та тимейді./

2-мұғалім: - Осымен мынадай тірек-сызба дайын болып шығады (12-слайд).



2-оқушы: - Енді, оның шығармаларына тоқтала кетсек, Фабит Мүсіреповтің көптеген шығармалары бар. (8-слайд)

Олар: повестері – «Тулаған толқында» (1927), «Көк үйдегі көршілер» (1929), «Алғашқы адым» (1930), «Туннель» (1936), «Жеңілген Эсрафиль» (1946), «Гэкку» (киноповесть) (1961); **әңгімелері** – «Қос Шалқар» (1929),

«Талпақ танау» (1934), «Шұғыла» (1939), «Ер Қаптағай» (1942), «Совет Одағының Батыры» (1945), «Тарландар» (1945); **новеллалары** – «Ананың анасы» (1934), «Ашынған ана» (1939), «Ананың арашасы» (1939), «Ер ана» (1942), «Ақлима» (1944), «Этнографиялық әңгіме» (1956), «Өмір жорығы» (1963), «Сөз жоқ, соның ісі» (1963), «Қаз қалпы» (1966), «Айгүл» (1967), «Кездеспей кеткен бір бейне» (1967), «Қыран жыры» (1967); **романдары** – «Қазақ солдаты», «Оянған өлке», «Ұлпан» (14-слайд); **трагедиялары** – «Қыз Жібек» (1934), «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» (1939), «Ақан Сері – Ақтоқты» (1941); **драмалары** – «Амангелді» (1936), «Амангелді» (1950). (15-слайд); **аудармалары:** «Таланттар мен табынушылар», «Мольер, Саран» (Н.Островский), «Адамның анасы», «Өлімді жеңген ана» (1933), «Ана кесімі айнымайды» (1948), «Аранды темір қоршауда», «Жер үйде».

1-мұғалім: - Сонымен қатар, Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» атты романы да бар (16-слайд). Бұл романда да ана, әйел бейнесін, ел анасының образы мен ақылды, көрегендігі жайында өте шебер қалам сілтеген екен. Ұлпан, Есней, Мүсіреп, Шынар, т.б. да кейіпкерлері – өмірден алынған шынайы образдар.

2-мұғалім (17-слайд): - «Қазақ солдаты» романының кейіпкері Қайрош – Қайырғали Смағұлов, Кеңестер Одағының Батыры, қазақ ұлы. Автор өз кейіпкерін табу үшін көп ізденген екен. Содан бірде соғыстан осындай батыр келді дегенді естиді. Ести сала келіп те жетеді. Енді, міне, өз шығармасының иесі табылғанын сезеді. Романды жазу үшін Қайырғалиді он екі күн бойы өз қонағы етіп, үйінен жібермейді. Роман кейіпкердің сөздерінен бастау

алады: «Зытып келем, зытып келем, артыма қарай-қарай зытып келем. Артыма қарай беретінім – қорқып келем...»

1-мұғалім: - Осымен ойымызды жинақтай келе, «Ғабит Мүсірепов кім?» деген сұраққа жауап беріп көрейік. Ассоциация құру. (18-слайд).

Ғабит Мүсірепов – көркем сөз шебері, академик, жазушы, драматург, әдебиеттанушы, киносценарист, қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері, редактор, ең бастысы – Ана тақырыбына көп жазған жазушы.

III. Жаңа сабақты бекіту.

2-мұғалім: - Сонымен, біз бүгін кім туралы айттық?

- Біз бүгін Ғабит Мүсіреповтің шығармашылығына тоқталдық.

- Ғабит Мүсіреповтің кім екенін білеміз бе?

- Ол – жазушы, көркем сөз шебері, академик, редактор, драматург, қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері.

- Ол, негізінен, қандай шығармалар жазған?

- Ғабит Мүсірепов шығармаларын көбінесе ана тақырыбына арнаған, ел қорғау мәселесін де көтерген.

1. Тестілеу. (19-20-слайд).

IV. Қорытынды.

1-мұғалім: - Оқушылар, бүгінгі сабағымызды Жүсіп Баласағұнның мына бір сөзімен тәмамдағымыз келеді:

2-мұғалім:

- Біле бер, қанша білсең, тағы тіле,

Жетерсің мақсатыңа біле-біле (21-слайд).

Үйге тапсырма (22-слайд): Ғабит Мүсіреповтің шығармаларымен өзіндік танысу; жазушының өмірі мен шығармаларын оқу.

ҒАБАҢ ҒАЛАМЫ – КӨРКЕМ БЕЙНЕЛЕР АЛАҢЫ

(11-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – ХХ ғасырдағы қазақ жазба әдебиетінің алыбы, сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығын еске түсіріп, қайталай отыра, оқушылардың білімдерін толықтыру; **дамытушылық** – тірек-сызбалар арқылы оқушыларға бағыт сілтей келіп, әр тұлғаның ізденуіне жол ашу. Ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; **тәрбиелік** – жазушының өмір жолын, шығармаларының идеялық мазмұнын ұғындыру арқылы мейірімділікке, ерлікке, елін сүйуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Түрі: пысықтау. **Типі:** бекіту сабағы. **Әдісі:** баяндау, кестемен жұмыс, деңгейлік тапсырмалар, сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** Ғ.Мүсіреповтің суреті, өмірі мен шығармашылық жолына арналған хронологиялық кесте, слайдтар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушыларды сабақтың мақсатымен таныстыру.

- Бүгінгі сабағымызда тамаша новеллист, әңгіме жанрының асқан шебері, сұңғыла суреткер, роман-эпопеяның авторы, драматург, тұңғыш киносценарист, терең сыншы, академик Ғ.Мүсірепов туралы ой қозғау.

I. Кіріспе:

Халықпен өмір бір кешкен
Даңғайыр, дархан данышпан.
Еңбегінді айтып тауыспан,
Қадіріңді айтып түгеспен.

Ғафу Қайырбеков.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!»- дейді халқымыз. Ендеше, балалар, алдарыңыздағы тірексізбаларға назар аударып, Ғабит атамыз жайлы өткен сыныптарда алған білімдерімізді еске түсіріп, ортаға салайық.

II. Ғабит Мүсірепов өмірі

Солтүстік Қазақстан облысы,
Жамбыл ауданы, «Жаңа жол» ауылы.
Шаруа отбасында.
Ауыл молдасы.
Пресногорьковка училищесі.
Алғашқы ұстазы – Бекет Өтетілеуов.
1926 ж. Орынбор қаласы.
1927 ж. Коммунистік партия.
1928 ж. Алғашқы повесі.
1938 ж. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.
1958 ж. Жоғарғы Кеңестің депутаты.

Өмір жолы бойынша слайдтар тамашалау, әңгімелеу, толықтыру.

III. Ғабит Мүсірепов шығармаларын еске түсіріп, кестені толықтырамыз, қысқаша негізгі тақырыптарын әңгіме етеміз. (Мұғалім толықтырады)

әңгіме-повестері	романдары	драмалары	аудармалары	балладалары
«Автобиографиялық әңгіме»	«Қазақ солдатты»	«Қыз Жібек»	«Өлімді жеңген ана»	«Жапон балладасы»

«Ананың арашасы»	«Ұлпан»	«Ақан сері-Ақтоқты»	«Антоний мен Клеопатра»	
«Талпақ танау»	«Оянған өлке»	«Қозы Көрпеш - Баян сұлу»	«Сараң»	
«Тимка-Димка»		«Амангелді»	«Таланттылар мен табынушылар»	

IV. Жаңа сабақ: - Жақсы, балалар, бүгін Ғабит Мүсіреповтің «**Жапон балладасымен**» жақын танысамыз.

Баллада дегеніміз не? (Толық мағлұмат беру, түсіндіру)

Мәтінді мәнерлеп, түсініп оқып шығу.

«Даналық ағашы» ойынының барысында деңгейлік тапсырмалар орындау:

I деңгей. Мәтіннің мазмұнын ауызша айтып бер.

II деңгей. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыр, жеке парақтарға жазып, көршіңмен алмас, сұрағына жауап бер.

III деңгей. Әңгіме бойынша кластер құрастыру.

V. Білімді тиянақтау.

«**Кім білгір?**». Ғабит атамыз туралы кім көп білетінін жедел сұрақтарға жауап беру арқылы анықтау (интерактивті тақтадан беру):

1. Биыл Ғабит Мүсіреповтің туғанына қанша жыл?
2. Қай ауданда дүниеге келді?
3. Әкесінің аты кім?
4. Ғ.Мүсіреповтің пьесалары?
5. «Легенда о Темирлане» қазақ тілінде қалай аталады?
- 6 Ғ.Мүсіреповтің ең жеккөретін мінезі?
7. Біздің аудан қай жылдан бері Ғабит Мүсіреповтің атымен аталып келеді?
8. «Новелла» деген не?
9. «Қазақ солдатты» романының басты кейіпкері кім?
10. «Өлімді жеңген ана» новелласының бас кейіпкерлері?

11. Жазушы неше жасында қайтыс болды?

12. «Жапон балладасы» шығармасында жазушы не туралы айтады?

13. Туған жері?

14. Оның мұражайы қайда?

15. Алғашқы ұстазы кім?

16. Қандай отбасында дүниеге келген?

17. «Ұлпан қандай шығарма?»

18. Өзінің дүниеге келгені жайлы қай әңгімесінде айтады?

19. «Қыз Жібек» драмасынан нені көруге болады?

20. Ғабит Мүсірепов кім?

VI. Қорытындылау кезеңі: «INSERT» стратегиясы.

Білемін	Білгім келеді	Қызықтырды	Зерттеймін

VII. - Иә, жазушының өнегелі өмір жолы мен артына қалдырған бай мұрасы – сіздерді, яғни, мектеп түлектерін, сонымен қатар оқушыларын тек жақсылыққа, адамгершілікке, отаншылдыққа, халықтар достығына баулитын қымбат қазына, рухани азық екендігі анық.

Сондықтан бүгінгі сабағымызды Абай атамыздың мына өлең жолдарымен аяқтағанымыз жөн болар:

Көп адам дүниеге бой алдырған,

Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.

Өлді деуге сия ма, айтыңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған!

Гүлнар ЕРҒАЛИЕВА,

Орал қаласындағы

№23 жалпы орта білім беретін

мектептің мұғалімі.

ҰЛТ ҚАМЫН ОЙЛАҒАН АҚЫН

Сабақтың мақсаты: Қазақтың бес арысының бірі — М.Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы жалпы мағлұмат беру. **Міндеттері:** шығармаларының тақырыбы мен идеясын ашу; оқушылардың қазақ әдебиетіне, ақынның жоғары идеясы, отаншылдық, ұлттық рухқа толы поэзиясына құштарлықтарын арттыру; Мағжан шығармаларын сүйіп, қастерлеуге, ұлт қамын ойлаған ақын ретінде білуге, үлгі-өнеге алу рухында тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** баяндау, топтық жұмыс.

Көрнекілігі: суреті, интерактивті тақта, слайдтар.

Сабақ өту барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі: а) амандасу; ә) түгелдеу.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

III. Жаңа сабақ:

Мазмұны:

1. Кіріспе сөз.
2. Шығармашылық өмір жолы.
3. Ақын поэзиясы дамуының үш кезеңі.
4. Поэма құзына өрлеу.
5. Ұлт ақыны.
6. Қорытынды.

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі:

Кіріспе сөз.

Кеңес өкіметінің жетпіс жылдық билігі тұсында қазақ әдебиетінің тарихынан жазықсыз сызылып тасталған тұлғалардың бірі, қазақ әдебиетінің бес арысының бірі — Мағжан Жұмабаев. Талантты ақынның есімі де, маржан жырлары да бұл кезеңде идеологиялық қудалауға ұшырады. Азат өмірді, халқының тәуелсіз ел болған қалпын көруге ұмтылған, сол жолда білегіндегі күшімен де, жүрегіндегі жырымен де күресіп өткен қайраткер ақынның тағдыры аса күрделі белестерді бастан кешірді. 1938 жылы жазықсыз жазаның құрбаны болғаннан кейін Мағжан шығармашылығын оқуға, жариялауға тыйым салынды. Тек еліміз тәуелсіздік алар тұстағы арнайы үкімет шешімі арқылы ғана ақынның есімі мен шығармашылық мұрасы 1988 ж. аяқ шенінде толық ақталды. 1989 жылы ақын шығармаларының бір томдығы, 1995 жылы үш томдық жинағы жарық көрді.

2. Оқушылар М.Жұмабаев туралы оқулық мәтінімен өздері танысады. Топтық жұмыс орындалады.

І топ. Ақынның шығармашылық өмір жолына арналған хронологиялық кесте жасайды (Хронологиялық кесте интерактивті тақтада көрсетіледі).

Шығармашылық өмір жолы.

1893 ж. Солтүстік Қазақстан облысы, Сасықкөл жағасында дүниеге келді.

1906-1910жж. Қызылжардағы медреседе оқиды.

1911-1912 ж. Уфадағы атақты «Ғалия» медресесінде оқиды.

1912 ж. «Шолпан» атты өлеңдер жинағы жарық көрді.

1917 ж. «Алаш» қозғалысына араласты.

1921 ж. Қызылжарда «Бостандық туы» газетінде

редактор болды.

1922 ж. Ташкентте «Ақжол» газетінде, «Шолпан» журналында қызмет атқарды.

1923-1926 ж. Мәскеудегі «Күншығыс» баспасында қызмет атқара жүріп, Әдебиет-өнер институтында оқиды.

1927 ж. Қызылжардағы педагогикалық техникумда әдебиет пәнінен сабақ береді.

1929 ж. Бутырка түрмесіне қамалып, 10 жылға сотталады, Карелияда айдауда болады.

1936 ж. түрмеден босанып шығады.

1936 ж. Қызылжар қаласындағы мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ береді.

1937 ж. Алматыға келеді.

1937 ж. 30 желтоқсанда қайтадан жазықсыз тұтқындалады.

1938 ж. 19 наурызда атылады.

II топ «Ақын поэзиясының даму кезеңдері» туралы айтады.

Ақын поэзиясы дамуының үш кезеңі:

1. Бірінші, бастапқы кезең (1910-1912);

2. Екінші кезең (1913-1924);

3. Үшінші, соңғы кезең (1924-1938).

Мағжанның шығармашылық жолы ақындықтан басталады.

Мағжан поэзиясының тақырыбы әр алуан. Өзі өмір сүрген жаңа ғасыр басында Мағжан бармаған, ол жырламаған тақырып жоқ деуге болады, бірақ бәріне ортақ желі біреу ғана болды, ол – елінің тағдырына ортақтастықты білдіру.

Мағжан ақын поэзиясы дамуының үш кезеңінің үшеуінде де үнемі өсу, өрлеуден айнымаған. Бір басқан

ізін қайтып жырламаған және тақырыптары жаңарып, жаңғыруына байланысты өлеңі алуан әуен, саз, әуезге бөленіп, құбылып, сан өзгеріс тауып отырған.

Мағжан ақын ретінде де, азамат ретінде де ерте пісті. Туып-өскен ортасы, ұяда көргені жасы жиырмаға толмай жатып-ақ туындыларында көркем сөз кестесіне түсіп үлгерді.

Ақынның өлең-жыр есігінің босағасын шындап аттап, тәуекел етуі – 1910 жыл.

1913 жылы Мағжан өмірі мен шығармашылығының жаңа, екінші кезеңі басталды. Екінші кезең Мағжан шығармашылығындағы айырықша бір жемісті, өнімді кезең болды.

Махаббат лирикасының, сүйіспеншілік жырларының асып төгілуі де – осы екінші кезең үлесінде.

Ақын поэзиясы дамуының үшінші кезеңі – соңғы кезең (1924-38).

III топ «Поэма құзына өрлеу» тақырыбымен Мағжан поэмалары туралы айтады.

Поэма құзына өрлеу

Мағжан поэзиясы лирикалық өлеңдермен ғана шектеліп қалмайды. Ол – эпикалық жанрда да еңбек етіп, мол мұра қалдырған ақын. Оның «Қорқыт», «Оқжетпестің қиясында», «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян», «Жүсіп хан», «Ертегі», т.б. поэмалары – адам тағдыры мен ел тағдырын шебер қиюластырған шығармалар.

Солардың ішінде терең мағыналы шығармаларының бірі – «Қорқыт».

«Қорқыт» поэмасы – қазақ ауыз әдебиетіндегі белгілі аңыздың кейіпкері – Қорқыт туралы туынды. Бұл поэмада адамзатты өлімнен арашалауға ұмтылып, өлімнен қашып,

ажалмен күрескен Қорқыт бейнесін жасайды. Өлмес өмірді өнерден, қобыздан табады.

Енді менің жолдасым – жалғыз қобыз,

Сарна қобыз, мұң-зарлы шығар лебіз!

Сен жыласаң, жылармын мен де бірге,

Жан жыласа, жыламай қалама көз?!- дейді ақын.

«Қорқыт» поэмасындағы автор ұсынған идея – мәңгілік күрес идеясы. Бұл – Мағжан поэзиясының азатшыл поэзия екендігінің тағы бір дәлелі.

Поэмаларының ішіндегі ең шоқтығы биігі – «Батыр Баян».

Поэманың оқиғасы бір кездегі қазақ пен қалмақ арасындағы жаугершілік заманнан алынған.

Қорыта айтқанда, «Батыр Баян» поэмасы – тек Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығынан ғана емес, бүкіл қазақ поэзиясының қазыналы қорынан лайықты орын алатын аса көркем де құнды туынды.

3. «Ұлт ақыны» туралы мұғалім сөзі:

Ұлт ақыны

Досы да, қасы да: «Мағжан Жұмабаев – ұлтшыл»,- деп, бірі мақтап, бірі даттап айтқандарына жауабын «Педагогика» атты еңбегінде былайша тұжырымдаған: «Өз елін сүю дегеннен адам өз халқынан басқа халықтарды мейлінше жек көрсін, басқа халықтарға қасқыр боп тисін деген сөз шықпайды... Адам шын ізгі адам боламын десе, халық ісі, халық пайдасы жолында құрбан бола білсін»,- деп қазақтың жазушысы Міржақып Дулатовты үлгі етеді де, іле: «Адам өз халқының адамдарын сүюінің үстіне, басқа халықтардың адамдарын да сүюге міндетті»- деп гуманистік зор мәнді қорытынды жасайды.

Мағжанның ұлтжандылығын, қала берді түрікшілдігін

де біз осы арнада, «жер жүзіндегі адамды адам сүймек» деп ұлы мағынада түсінуіміз керек.

Мағжан – өзін, ұлтын ғана ойлап қоймайтын, күллі адамзат мүддесін көздейтін жан.

Не көрсем де – Алаш үшін көргенім,

Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім! - деген жолдарда

Мағжанның ұлтына, халқына деген шексіз махаббаты сезілсе, одан кейінгі:

Қалың елім, қалың қара ағашым,

Қайраты мол, айбынды ер, Алашым!


Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,

Ақымақтар байқамаған шамасын,- деген жолдардан оның ертеңгі болашақтан үміті, қалай болғанда да осы қиындықтың артында азат күндердің келеріне деген сенімі көрінеді.


4. Ақын туралы теориялық материалды қорытындылау.

Қорытынды

Ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған тірек-сызба арқылы оқушылар өздері қорытынды жасайды.



IV. Бекіту.



V. Қорытынды сөз.

«...Мағжанды сүйемін. Еуропалығын,
Жарқыраған әшекейін сүйемін» деп М.Әуезовтің ақын шығармашылығын дүние жүзі әдебиетімен салыстырып, Мағжанның қазақ әдебиетін еуропалық биікке көтерген зор еңбегін тарихи ерлікке балап, бағалағаны ешқашан ұмытылмайды.

VI. Үйге тапсырма: 1) «Батыр Баян» поэмасын оқып, түсінігін айту; 2) М.Жұмабаев туралы қосымша мәліметтермен танысу.

VII. Бағалау.

Сағдат СЕРІКБАЙҚЫЗЫ,
«Көктіңкөлі» орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Шет ауданы.

ӨЗДІК ЕСІМДІГІНІҢ ТҮРЛЕНУІ

Сабақтың мақсаты: оқушыларды сабақтың мақсаты және міндеттерімен таныстыру; **Міндеттері:** **білімділік** – оқушыларға есімдік туралы, соның ішінде өздік есімдігінің түрленуі туралы теориялық білім беру. **Өздік есімдігін есімдіктің басқа түрлерінен ажырата білуге үйрету; дамытушылық** – оқушылардың сауатты жазуын, сөйлеу мәдениетін дамыту, грамматикалық ұғымдарды меңгеру дағдысын қалыптастыру, ой-өрісін, шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды елін, жерін сүюге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Типі: жаңа тақырыпты меңгеру. **Түрі:** саяхат сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, сабақты түсіндіру, жеке жұмыс, жұптық жұмыс, сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегиялары. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, тарих, математика. **Қолданылатын стратегиялары:** кластер, еркін жазу, түртіп алу, төрт жолды өлең. **Көрнекіліктер:** слайд, оқулық, кәртішкелер, семантикалық кәртішке.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй жұмысын тексеру.

- Есімдік дегеніміз не?
- Оның қандай түрлері бар?
- Жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктері дегеніміз не? Мысал келтіріңдер.
- 102-жаттығудың орындалысын тексеру (үй жұмысы бағаланады).

III. Жаңа тақырыпты түсіндіру.

Мұғалімнің сөзі: - Балалар, бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы: "Өздік есімдігінің түрленуі", Жоғарыда айтып өткеніміздей, есімдіктер – зат есім, сын есім, сан есімдердің орынына жүретін, меңзеу арқылы белгілі бір түсінікті, ойды жалпылама түрде беретін сөз табы. Қазақ тілінде есімдіктер саны жағынан көп те емес. Тілімізде 60-70 есімдік сөз бар. Жоғарыда айтып өткеніміздей, олардың атқаратын қызметтерінің, грамматикалық ерекшеліктерінің ауқымы кең. Мағыналары жағынан әртүрлі. Қазақ тілінде есімдіктер мағынасына қарай 7 топқа бөлінеді (слайд көрсетіледі).

Өздік есімдігіне **өз** және оның түрленген формалары жатады. **Өз** есімдігі көбінесе тәуелденіп, көптеліп, септеліп қолданылады. Көбіне-көп зат есімнің және жіктелу есімдіктерінің орынын айырбастайды. Мысалы: **Өзі** де көп кешігіп қалғанына өкінді. **Өз** есімдігі әрбір затты бөліп көрсету үшін қолданылады. **Өз** есімдігі тәуелденіп барып септеледі (септелу үлгісінен слайд көрсетіледі). **Өз** есімдігі тәуелденіп барып жіктеледі (жіктелу үлгісінен слайд көрсетіледі). **Өз** есімдігімен жасалған өз-өзінен, өзінен-өзі, өзді-өзі деген қос сөздер дефис арқылы жазылады. Мысалы: Ол өз-өзінен қатты ашуланды.

IV. Сабақты пысықтау:

а) Оқулықпен жұмыс (оқушының ережені оқуы, талдауы);

б) 105-жаттығуды орындау. Өлеңді оқу, есімдіктерді табу, мағынасын ажырату, жасалу жолына тоқталу. (Оқушылар білімі бағаланады).

Мұғалім сөзі: - Балалар, біздің бүгінгі сабағымыз – саяхат сабағы. Біз бүгін Қазақстан қалалары: Ел ордасы – **Астанаға**, бұрын облыс орталығы болған – **Жезқазғанға**, қазіргі облыс орталығы – **Қарағандыға** және өзіміздің туған қаламыз – **Балқаш** қалаларына саяхат жасаймыз (слайд көрсетіледі).

Әр қаланың сендерге арнаған екі-үш тапсырмасы бар. Сол тапсырмаларды дұрыс орындасақ, сәулетті Балқаш қаласына да жетеміз. Алдымен Елордасының тапсырмасына назар аударайық. (Астана слайды көрсетіледі). Елорда туралы оқушылар пікірі тыңдалады.

Тапсырмалар:

I. Көп нүктенің орынына тиісті есімдікті қойып, мақал-мәтелдерді толықтырыңдар. Есімдіктерді мағынасына ажыратыңдар.

1. Отанға опасыздық еткенің,
..... түбіне жеткенің.
2. Сараң затын қызғанады.
3. Кісі елінде күркірегенше,
..... елінде дүркіре.
4. үйім -өлең төсегім.
5. Жаманның бола алмайды,
Болғанды көре алмайды.
6. Қорқақ көлеңкесінен де қорқады.

II. Берілген өлең жолдарының мағынасын түсіндіріңдер. Өлеңдегі есімдікті тауып, мағынасына ажыратыңдар. Қарамен жазылған сөзге фонологиялық талдау жасаңдар.

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

(Тапсырма бойынша оқушылар білімі бағаланады).

«Жезқазған қаласы» слайды көрсетіледі (Қалатуралы оқушылар пікірі тыңдалады).

Тапсырмалар:

1. Терме диктант (есімдіктерді теріп жазу).

2. Семантикалық кәртішке толтыру (есімдіктерді мағынасына ажырату).

Жұптық жұмыс, бағалау парағы толтырылады.

«Қарағанды қаласы» слайды көрсетіледі. Қалатуралы оқушылар пікірі тыңдалады.

Тапсырмалар:

1. Суретті ойын – «Адасқан септіктер».

2. Кәртішкелермен жұмыс.

3. Сөйлемді дұрыс жаз. Берілген сөйлемді сөйлем мүшелеріне талда.

Жарқын ойлар өзінің бойын биледі.

(Тапсырма бойынша оқушылар білімі бағаланады).

Балқаш қаласы слайд көрсетіледі.

Тапсырмалар:

1. Сызба бойынша есімдіктерді қатыстырып төрт жол өлең құраңдар.

Зат есім + есімдік + зат есім

Есімдік + зат есім + етістік

Есімдік + сын есім

Етістік + есімдік + сын есім

2. «Сүйікті қалам» тақырыбына есімдіктерді қатыстырып шағын шығарма жазыңдар.

Мұғалім сөзі: – Балалар, байқап отырсақ, шығармашылық жұмыстарымызда жиі кездесетін есімдік **Өзге** өздік есімдігі екен. Олай болса, осы **өзге** есімдігіне математикалық дыбыстық талдау жасайық.

Тапсырма бойынша оқушылар білімі бағаланады.

V. Қорытынды: түртіп алу стратегиясымен сабаққа қорытынды жасалады.

VI. Үйге тапсырма: 56, 57-беттегі ережені жаттау, «Достық – татулық белгісі» тақырыбына шығарма жазу.

VII. Бағалау.



Балзия МОЛДАХМЕТОВА,
Астана қаласындағы
№62 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖАЗҒЫ САЯХАТ ТУРАЛЫ ӘНГІМЕ ҚҰРАП АЙТУ

Сабақтың мақсаты: білімділік – балаларға жазғы саяхат туралы түсінік беріп, жаз мезгілі туралы ұғымдарын жетілдіру, әр мезгілдің ерекшеліктерін салыстырып айтып беруге жаттықтыру. Сөз тіркестері мен сөйлем құрау шеберліктерін арттыру. Сурет бойынша әңгіме құрап айтуға үйрету; **дамытушылық** – жазғы саяхат

туралы айта келіп, оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, сөздік қорларын молайту. Берілген сұраққа толық, нақты, дұрыс жауап беруге дағдыландыру; **тәрбиелік** – табиғаттың әсем көрінісін қызықтай білуге, қоршаған ортаны сүйуге, оны аялай білуге, өз денсаулығын шыңдауға пайдалана білуге тәрбиелеу. Жазғы еңбекке баулу.

Түрі: жаңа сабақ (саяхат сабағы).

Әдісі: түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап, ой қозғау, пікірлесу, ой түйіндеу.

Көрнекілігі: тірек-сызбалар, ребус, «Жаз» тақырыбына байланысты суреттер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен сәлемдесу. Түгелдеу.

Сабаққа керекті құрал-жабдықтарын дайындату.

Үстелдің үстіндегі гүлге назар аудартып, әдемі гүлдерге қарағанда не сезінетіндерін, естеріне не түсетіндерін сұрау.

II. Үй тапсырмасын сұрау:

«Жаз» тақырыбына байланысты сурет салып, сол суретке қарап шағын әңгіме жазу.

Оқушыларды тақтаға шығарып жаз туралы әңгімелету.

III. Жаңа сабақты түсіндіру:


- Енді, балалар, барлығымыз тақтаға назар аударайық. Тақтада ребус берілген. Сол ребусты шешейік. Сонда біздің бүгінгі тақырыбымыздың аты шығады.

(Ребус шешу)



- Сонымен, бүгінгі сабақтың тақырыбы – «Жазғы саяхат» (Аудармасын айтып өту).

- Балалар, жазғы саяхаттың әр түрі болады, олай болса есімізге түсірейік.



- Балалар, енді, Бәйтерекке саяхат жасайық. Бәйтерекке бару үшін автобуска отырамыз. Әр аялдамаға тоқтаған сайын біз бір тапсырманы орындауымыз керек.

- Біз қандай аялдамадан автобуска отырамыз? Иә, әрине, «**Медициналық академия**» аялдамасынан. Бұл

аялдамада бізге қандай тапсырма берілген екен?

Жаңа сөздермен жұмыс. Олай болса жаңа сөздермен танысайық:

Саяхатшы – путешественник;

Жазғы – летний;

Шомылу – купаться;

Қыздырыну – загорать.

Тапсырма:

1. Мұғалім жаңа сөздерді дауыстап оқиды. Оқушылар қайталайды.

2. Жаңа сөздерден сөйлемдер құрау.

2-аялдама – «**Жастар сарайы**» аялдамасы. Қай көшпешеде орналасқан? Бұл аялдаманың аты қалай аударылады?

Тапсырма. Мәтінді оқып, аудару.

Жазда мен ағаммен бірге Астанаға бардым. Астананы мен бірінші рет көрдім.

Астана – үлкен қала. Жазғы Астана өте әдемі екен. Көшелерде неше түрлі гүлдер өсіп тұр. Биік ағаштар көп. Қаланың қасында өзен бар. Маған Астана өте ұнады.

3-аялдама – «**Мега ойын-сауық орталығы**» аялдамасы.

Диалогпен жұмыс жүргізу (178-бет, 3-тапсырма)

- Жазда ауылға бардың ба?

- ...

- Көл жағасында болдың ба?

- ...

- Ауа райы қандай болды?

- ...

- Ауылдағы адамдар қандай жұмыстар істеді?

- ...

- Жұмысты кім басқарды?

- ...

- Өзің сол жұмысқа көмектестің бе?

- ...

- Ауылға барғанда қалай демалдың?

- ...

- Саған ауыл ұнады ма?

- ...

4-аялдама – «**Жамбыл Жабаев саябағы**» аялдамасы.

Ж.Жабаев деген кім? Қандай шығармаларын оқыдыңдар?

Қане, бұл аялдамада бізге қандай тапсырма берілген екен?

2-тапсырма. Көп нүктенің орынына тиісті әріптерді қою.

*Б...з с...ға т...стік. Су өт... ж...лы болд... . Б...з шөлд...п,
шәй ішт...к. Д...п ойнад...қ. Кешк... қар...й жаңб...р жауд...
Біз үй...е қайтт...қ.*

Біз суға түстік. Су өте жылы болды. Біз шөлдеп, шәй іштік. Доп ойнадық, шаршаддық. Кешке қарай жаңбыр жауды. Біз үйге қайттық.

5-аялдама – «**Ұлттық кітапхана**» аялдамасы. Сендер кітапханаға барасыздар ма? Қандай қазақша шығармалар оқыдыңдар?

Тапсырма: Орман, көл, гүл, жаңбыр сөздерін қатыстырып сөйлемдер құрастыру.

IV. Бекіту:

- Ал, енді, балалар, біз Бәйтерекке де келдік. Бәйтерек аялдамасы бізге тапсырмаларын дайындап қойыпты.

Тапсырмалары:

1. Балалар, бүгін біз қайда саяхатқа шықтық?
2. Саяхатқа шыққанда сендер нелерді көрдіңдер?
3. Нелермен таныс болдыңдар?
4. Бүгінгі саяхат сендерге ұнады ма? Несімен?

5. Жаз туралы қандай мақал-мәтелдер, өлеңдер, жұмбақтар білесіңдер?

6. Жазда сендер қайда саяхатқа шығасыңдар?

V. Қорытындылау: – Балалар, біз бүгінгі өткен тақырыбымызды біраз пысықтап та алдық. Бүгінгі саяхат сендерге ұнады ма? Тағы да саяхатқа шыққыларың келе ме? Оқушылардың сабаққа қалай қатысқандарын сөз етіп, мақтау және кемшіліктерін айту.

Үй тапсырмасын беру: «Табиғатқа саяхат» тақырыбына шағын әңгіме жазу.

Бағалау: оқушылардың сабаққа қатысу белсенділіктеріне қарай бағалау.



Светлана СУЗАКАЕВА,
Орал қаласындағы
№39 жалпы орта білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

АНЫҚТАУЫШ ПЕН ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – мәтінді мәнерлеп оқыту, мазмұндау, практикалық тапсырмалар орындату, жаңа сөздерді меңгерту, өтілген материалдарды қайталау арқылы оқушының меңгерген білімін тексеру; **дамытушылық** – сөздік қорын молайту, оқушылардың есте сақтау қабілеті мен ой-өрісін дамыту;

тәрбиелік – өз заманымыздың озық ойлы, кең өрісті, мәдениетті азаматын тәрбиелеу.

Типі: жаңа білімді меңгерту сабағы. **Түрі:** саяхат сабағы. **Әдісі:** проблемалық әдіс, түсіндіру, сұрақ-жауап, баяндау. **Көрнекілік:** интерактивті тақта. **Жұмыс түрлері:** жекеше, жалпы. **Пәнаралық байланыс:** тарих, география, ағылшын тілі, орыс тілі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

А) Амандасу; Ә) түгелдеу; Б) ауызекі сөйлесу.

1) Қазір қай жыл мезгілі? (1-слайд)

2) Қыс айларын ата.

3) Қыста ауа райы қандай?

4) Қыста қандай мейрамдарды тойлаймыз?

А) Қыс туралы кім әңгімелеп береді? (толық жауап)


Ә) 16 желтоқсан туралы әңгімелеу.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Кең-байтақ Қазақстаным. Анықтауыш (2-слайд)

4.1.5-тапсырма.


III. Анықтауышты еске түсіру.



(3-слайд)

Анықтауыш пен Ұлы Жібек жолы

- Енді, балалар, осыған ассоциация құрастырайық.
(4-слайд)



V. - Жақсы, ал, енді, мәтінді оқимыз.

1. Мәтінмен танысу.

Сөздікпен жұмыс (5-слайд).

Алдымен жаңа сөздермен танысайық:

Жібек жолы – Шелковый путь;

Мәдени байланыстар – культурные связи;

Сауда байланыстары – торговые связи;

Қалпына келтіру – восстановить;

Сауда көзі – источник торговли.

2. Мәтінді оқу.

3. Мәтіннің мазмұнын ашу.

4. Сұрақтарға жауап беру.

5. Тізбекпен оқу.

VI. Сабақты пысықтау.

Ұлы Жібек жолы (саяхаттау, 6-слайд).

- Балалар, біздің бүгінгі сабағымыз саяхат сабағы. Біз бүгін Ұлы Жібек жолымен саяхаттаймыз. Мына картада осы жолдың бірнеше қалалары белгіленген. Қай тілде белгіленген? Оқып көрейік (пәнаралық байланыс – ағылшын тілі).

- Дұрыс, Ұлы Жібек жолы Қытай орталығы Пекиннен басталды. Қазақстанның көне Тараз қаласынан өтіп, Өзбекстанның астанасы Ташкентке барады, әрі қарай Түркияның ірі қаласы Стамбулға тоқталып, Жерорта теңізінің жағалауындағы Рим қаласымен аяқталады.

- Әр қаланың сендерге арналған тапсырмасы бар, сол тапсырмаларды орындасандар, әдемі Рим қаласына жетесіндер.

I тапсырма. Пекин қаласы (3 мин)

Мәтінді төмендегі жоспар бойынша әңгімеле:

1. Сауда жолы.
2. Жібек жолының ерекшелігі.
3. Экономикалық және мәдени байланыстарға ықпалы.
4. Жібек жолының маңызы.

II тапсырма. Тараз қаласы (3 мин).

Мәтіннің мазмұнын ашатын сұрақтарды жалғастырыңдар.

1. Ұлы Жібек жолы қай ғасырларда қолданылды?
- 2.
- 3.

4

5.

III тапсырма. Ташкент қаласы (3 мин).

Екі бағанадан мағыналық жағынан тіркесе алатын сөздерді табыңдар.

Экономикалық	қосады
Ықпал	жолы
Үлес	етті
Сауда	байланыс
Жалпы	дәріміз
Біздің	ұзындығы

IV тапсырма. Стамбул қаласы (3 мин).

Мәтіннен анықтауышты теріп жазу.

V тапсырма. Рим қаласы (3 мин).

Берілген сөйлемдерді сөйлем мүшесіне талда.

Қытайдың жібегі осы жолмен тасымалданған.

Бұл жол Қытайдың орталығынан басталған.

- Міне, балалар, барлық тапсырманы орындадық, сондықтан Ұлы Жібек жолымен саяхатымыз сәтті болды деуге болады.

VI. Сабақты қорыту, тестіні орындау.

1. Ұлы Жібек жолы қандай жол?

- а) әдемі;
- ә) сауда;
- б) мәдени.

2. Осы жол қай теңіздің жағалауына созылып жатыр?

- а) Жерорта;
- ә) Арал;
- б) Қостанай.

3. Жолдың жалпы ұзындығы қанша шақырым?

- а) 5 мың;
- ә) 6 мың;
- б) 7 мың.

4. Ұлы Жібек жолы қай ғасырларда қолданылды?

- а) II-XV;
- ә) II-XVI;
- б) II-XIV.

5. Анықтауыш құрамына қарай қандай түрлерге бөлінеді?

- а) тура-жанама;
- ә) тұрлаулы-тұрлаусыз;
- б) дара-күрделі.

6. Анықтауыштың сұрағын көрсет?

- а) Қандай? кім?
- ә) Қандай? кімнің?
- б) Қандай? неге?

7. Ол қазақтың даласын басып өткен.

Анықтауышты көрсет.

- а) Ол;
- ә) қазақтың;
- б) даласын.

VII. Үй тапсырмасы:

- 1) мәтін бойынша сөйлесу;
- 2) 2 азат жолдағы сөйлемдерді талдау.

VIII. Бағалау.

САН ЕСІМ МЕН КӨБЕЙТУ КЕСТЕСІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың сан есім бойынша алған білімдерін жинақтау, бекіту, теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыру; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілеттерін, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге машықтандыру, жүйелі сөйлеу, мәнерлеп оқу, сауатты жазу дағдыларын жетілдіру; **тәрбиелік** – Отанды сүйіп, туған жерді аялай білуге баулу.

Түрі: дәстүрлі емес. **Әдісі:** топтық, сұрақ-жауап, мәтінмен жұмыс.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

(Жыл мезгілдеріне байланысты топқа бөлу).

Танысу:

- Менің аты-жөнім – Айнагүл Айтпайқызы. Мен желтоқсан айында тудым.
- Енді сіздермен танысайық.
- Сен қай айда тудың? Мен қаңтарда тудым.
- Сенің туған күнің қашан? Менің туған күнім – 12 қаңтар.

I. Ойшақыру.

К – «очередь» сөзінің аудармасы.

Ө – мынау ненің суреті?

Б – аптаның төртінші күні

Е – «сказка» сөзінің аудармасы.

Й – мынау ненің суреті?

Т – «сутки» сөзінің аудармасы.

У – сағат сөзінің синонимі.

- Сонымен біздің бүгінгі өтетін тақырыбымыздың аты

– Анықтауыш пен көбейту кестесі.

Мағынаны тану.

I. Мәтінмен жұмыс.

Көбейту кестесі.

Менің немерем зерек. Естігенін қолма-қол қайталап айтып береді. Ол өзі ынталы. Көп сұрайды. Ол білсем екен дейді де тұрады. Қазірдің өзінде бірнеше әріпті танып қалды. Онға дейінгі сандарды жақсы ажырата біледі.

- Ата, мынау – бірінші автобус.

- Ата, екі санды автобус келіп тоқтады.

- Ата, тоғызыншы автобус келіп тоқтады, - деп тақылдап тұрғаны.

- Ата, төртінші автобус келе жатыр, - деп машинаға ұмтылды. Мен автобустың маңдайындағы санға қарап:

- Бұл төртінші автобус емес, жиырма екінші автобус, - дедім.

- Бұл – төртінші. Сіздің өзіңіз маған екі жерде екі төрт болады деп үйреткен жоқсыз ба? – деді немерем.

- Немереңіз есепке жүйрік болайын деп тұр екен деп аялдамадағылар күлісіп алды.

«Көктем» тобына тапсырма: Сан есімдерді теріп жазу, сұрақтар қою.

«Жаз» тобына тапсырма: Мәтінді рөлге бөліп оқу.

«Күз» тобына тапсырма: Мәтіндегі сан есімдердің құрамына қарай талдаңдар.

«Қыс» тобына тапсырма: Атасы мен немересінің әңгімесі не туралы?

Полиглот ойыны. Мақал-мәтелдерді оқу, берілген сан есімдерді үш тілде айту (қазақ, орыс, ағылшын).

1. Төртеу түгел болса, төбедегі келер.

Алтау ала болса, ауыздағы кетер.

2. Жеті рет өлшеп, бір рет кес.

3. Білгенің –бір тоғыз,

Білмегенің – тоқсан тоғыз.

4. Бес саусақ бірдей емес.

5. Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.

6. Тоқсан ауыз сөздің

Тобықтай түйіні бар.

7. Екі кісі қағысса,

Бір кісіге орын бар.

8. Бірінші байлық – денсаулық,

Екінші байлық – ақ жаулық,

Үшінші байлық – он саулық.

Бақытты сәт ойыны.

«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» ойыны.

Жұмбақ жасыру.

1. Бір, үш, бес, он.

Жиырма, елу, жүз, текі жүз, мыңы бар.

(теңге)

2. Ағайыңды жетеуінің
Бесеуінің жұмысы бар.
Жұмысы жоқ екеуінің.
Бұл не?

(апта)

3. Білімі жетсе, шамасы
Алатын алар аласы
Бір мен бестің арасы.
Бұл не?

(мектеп бағалары)

4. Он екіге жетіп, жүрген кері кетіп.
Бұл не?

(сағат)

III. Ойтолғау. «Сиқырлы сандар сөйлейді».

- Балалар, бұл – сиқырлы сандар. Әр санның өз құпиясы бар. Сандарды рет-ретімен ашамыз.

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні.

1991 ж. – ҚР-ның тұңғыш Президенті болып Н.Ә.Назарбаев сайланды.

1993 ж. – Ұлттық валюта – теңге қабылданды.

1997 ж. – Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласы болды.

2006 ж. – еліміздің жаңа Әнұраны қабылданды.

2011 ж. – Қазақстанда Азияда қысқы спорт ойыны өтті.

- Сонымен, сабағымызды қорытындылай келе Қазақстан туралы әр топ шағын әңгіме, эссе жазады (слайд, музыка).

Үйге тапсырма: 5,6-тапсырма, 154-бет.

Бағалау.

СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕ – КИІЗ ҮЙ

Сабақтың мақсаты: қазақ халқының үш жүз жыл бұрынғы тарихы бар, көшіп-қонғанға қолайлы баспанасы — киіз үй құрылысын таныстыру; **Міндеттері:** киіз үй туралы түсінік беру, балалардың сөйлеу тілін, сөздің қорын толықтыру, қазақ тілінің әдеби тіл нормасына сай сөйлеуге үйрету, алған білімдерін шығармашылықпен қолдана білуге дағдыландыру, қазақтың салт-дәстүрін қадірлеуге, еңбексүйгіштікке, елжандылыққа, адамгершілікке, т.б. асыл қасиеттерге тәрбиелеу.

Түрі: панорамалық сабақ.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, баяндау, түсіндіру, іздену әдістері, сөзжұмбақ шешу.

Көрнекілігі: сөздік, сөзжұмбақтар, киіз үй суреттері, ұлттық аспаптар түрі, кеспе кәртішкелер, мақал-мәтелдер, «Отбасы» плакаты, сандық, т.б.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Үй тапсырмасын сұрау.

Қазақтың ұлттық аспаптары туралы балалардың білімдерін тексеру.

Ұлттық аспаптар суреттерін көрсете отырып, олардың артына жапсырылған сұрақтар арқылы білімдерін пысықтау.

Сұрақ жауап:

1. Сен қай Республикада тұрасың?
2. Қазақстанның Президентін ата?
3. Қазақстанның төл мерекесін ата?
4. Қазақтың қандай ұлттық аспаптарын білесің?
5. Қазақ тілі қандай тіл?
6. Қазақтың ақындарын ата.
7. Қазақтың үш биін ата.

Жаңа сабақ.

1. Жұмбақтың шешімін тап.

Жүз мүйізі бар, Үстінде киізі бар.

(киіз үй)

2. «Киіз үй» құрылысы сызылған плакат бойынша

танысу.

- Балалар, бүгінгі өтетін тақырыбымыз – «Сөйлеу тілінде – киіз үй». Киіз үй – көшпелі халықтардың баспанасы. Ол өте қолайлы. Киіз үй тез құрылып, тез жиналады. Қыста жылы, жазда салқын болады. Қазақ халқы киіз үйді әсем безендіреді. Киіз үйдің ішінде ағаш төсек, шымылдық, сандық, тағы басқа бұйымдар болады.

Киіз үй шеңберлене құрастырылады.

1. Кереге.
2. Уық.
3. Шаңырақ.
4. Есік.

Плакаттағы сызбалар арқылы киіз үй құрылысы түсіндіріледі.

3. Киіз үй макеттерін көрсетіп таныстыру.

4. Сөздік. Тақырыпқа берілген төмендегі сөздіктер ілініп түсіндіріледі:

Киіз үй – юрта;

Тез құрылып, тез жиналады – быстро устанавливается, быстро разбирается;

Көшпелі – кочевой;

Баспанасы – жилье;

Қолайлы – удобно;

Әсем безендіріледі – красиво украшается;

Шымылдық – ширма;

Бұйымдар – предметы.

- Балалар, жаңа сөздерді сөздік дәптерге жазып алайық.

5. Мәтінді оқып, аудару. Балаларға тізбектей оқыту, оқу жылдамдығын тексеру.

6. 91-бет, 1-жаттығу. Берілген сөздерді қазақшаға аударып жазу.

7. Сұрақ-жауап әдісімен мәтін мазмұнын пысықтау.

1) Киіз үй кімдердің баспанасы?

2) Киіз үй қандай?

3) Қазақ халқы нені әсем безендіреді?

4) Киіз үйде нелер болады?

8. Тапсырма: сөзжұмбақ шешу.

К иім	1. Одежда.
И т	2. Собака.
І ні	3. Младший брат.
Қы З	4. Девочка.
Ү й	5. Дом.
А Й на	6. Зеркало.

9. Сабақты бекіту.

Сабақты пысықтау.

10. Сабақты қорытындылау.



11. Бағалау.

12. Үйге тапсырма: мәтінді оқу, әңгімелеу, суретін салу; киіз үй туралы диалог құрастыру.



Лаура НҰРЫШЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Берлі ауданы,
Ақсай қаласы.

ДЫБЫС ҚҰДІРЕТІ – ДОМБЫРАДА

(11-сынып)

Сабақтың мақсаты: домбыраның құрылысы туралы өз беттерімен білім алуға жетелеу. **Міндеттері:** **білімділік** – құрмалас сөйлем туралы білімдерін пысықтау; **дамытушылық** – оқушылардың ой-өрісін, өзіндік іс-әрекетін, шығармашылығын дамыту; **тәрбиелік** – домбыраның қасиетін түсіндіру.

Түрі: іздендіру сабағы.

Қызығушылығын ояту.

«Ойқозғау». Жұмбақ шешу.

“Бір жансыз, мойында бар екі құлақ,

Ойнайды дәл үстінде он шақты лақ.

Белінде – сегіз белбеу, қолында – екі арқан,

Ұстап алып тұрады ойламай-ақ.

Бар екен маңдайында жалғыз көзі,

Болады ашамайын ерттеп қойса,

Болады күнде жиын мұның өзі.

Бұл не?”

Суретпен жұмыс. Домбыраның бөліктері қалай аталады?

Үй тапсырмасын тексеру: алдын ала берілген топтық жұмысты қорғайды.

1-топ. Домбыраның құрылысы.

2-топ. Домбыра сөзінің шығу төркіні.

3-топ. Домбыраның түрлері.

Әр топ өздерінің дайындап әкелген мәліметтерімен бөліседі.

«Инсерт» әдісі бойынша кесте толтырады.

Бұрыннан білемін	Мен үшін жаңалық	Келісе алмаймын	Нақты білгім келеді
Қазақ халқының ұлттық аспабы, күй ойнайды.	Үш ішекті домбыра, прима, альфа, контрабас түрлері.	Домбыраны әрбір қазақ тарта біледі.	ДЭККО жанры туралы.

Мағынаны ашу. Оқулықпен жұмыс.

«Сұхбат» әдісі бойынша бір-біріне сұрақ қояды.

- Домбыра қандай аспап?
- Домбыраның қандай бөліктері бар?
- Домбыраны қандай ағаштардан жасайды?

Мәтін бойынша кесте толтырады.

Сөз	Аудар- ма	Сөз тіркесі	Сино- нимдік қатар	Құрмалас сөйлем
ішек	струна	Қос ішек	Жіп	Домбыраның негізгі бөлігі-ішегі, өйткені дыбыс сол арқылы шығады.

Берілген жай сөйлемдерден құрмалас сөйлемдер құру керек. Құрастырылған сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаймыз.

Домбыра – әрбір қазақ үйінің қымбатты заты. Ол қазақ халқының өмірімен тығыз байланысты.

Домбыраны самырсын, шырша, қарағай, т.б. ағаштардан жасайды. Домбыраның ішегін қойдың ішегінен жасаған.

Венн диаграммасын құру.

Салалас

Сабақтас

Баяндауышы тиянақты болады, тең дәрежеде байланысады. Жалғаулықты және жалғаулықсыз болады.

Екеуі де құрмалас сөйлем, құрамында екі не бірнеше жай сөйлем болады.

Басыңқы және бағыныңқы компоненттерден тұрады, бағыныңқысының баяндауышы тиянақсыз болады.

Толғаныс: «Еркін жазу». «Домбыраның қазіргі таңдағы рөлі» қатар бойынша әр оқушы бір құрмалас сөйлемнен жазады.

Үйге тапсырма: тест құрастыру (құрмалас сөйлемнің түрлері, домбыра туралы)

Бағалау: оқу және жазу сауаттылықтары бойынша бағаланады.



Қадиша САДЫҚОВА,
Астана қаласының
коммерциялық емес білім мекемесі
«Экономикалық лицейінің»
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СӨЗДІК ҚОРЫ МОЛ – ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР

Сабақтың мақсаты: оқушылардың қазақтың ұлттық ойындары туралы алған білімдерін бекіту. Міндеттері: **білімділік** – сөздік қорларын молайта отырып, олардың өз ойларын жеткізе білуге үйрету; **тәрбиелік** – ұлттық ойындар арқылы ұйымшылдыққа, ептілікке, тез ойлауға тәрбиелеу, оқуға, еңбекке деген белсенділігін арттыру; **дамытушылық** – өз ойларын сұрақтар арқылы жеткізе білуге баулу, сөйлеу мәдениетін дамыту.

Түрі: бекіту, ойын сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** әңгімелеу, сұрақ-жауап, жатқа айту.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру. Амандасу. Оқушыларды түгелдеу.

Кел,балалар, оқылық! Өлеңі арқылы оқушылар көңілін сабаққа аудару.

Тіл дамыту:

- Бүгін ақпанның нешесі?
- Аптаның нешінші күні?
- Аптаның бесінші күні қалай аталады?
- Қазір нешінші сабақ?
- Қазақ тілі сабағында біз не істейміз?
- Дұрыс сөйлейміз, ереже жазып үйренеміз. Олай болса, бүгін бізге қазақ ертегілерінің кейіпкері – Алдар көсе мынадай бір тапсырма жіберіпті, соны шешіп көрелік

2. Сабақтың тақырыбын сөзжұмбақ арқылы ашу.

Қандай сөз шықты?



Сабақтың тақырыбы – Сөздік қоры мол – ұлттық ойындар.

- Ұлттық ойындар дегеніміз не?
- Олардың қандай түрлерін білесіңдер?
- Ұлттық ойындар неге үйретеді?
- Ұлттық ойындар немен байланысты?
- Ұлттық ойындарға нені қолданған?
- Дұрыс, ұлттық ойындарға мал сүйектерін және қой

кұмалағын пайдаланған.

Бүгін біз сендермен ұлттық ойындар туралы айта отырып, сабақ барысында ойнаймыз.

Бағалау парағы.

Оқушының аты	Ойын таңдау	«Алтын сақа» ойыны	Бөйге	«Хангалапай» ойыны	Мәтінді толықтыру	Мәтінге сұрақ	Қорытынды ұпай	Баға

1. Енді ойындарымызды бастайық. «Ойын таңдау».

Мен сендерге сұрақ қоямын, ал сендер белгілі әріппен жауап бересіңдер. «А» әрібі.

- Атың кім?
- Алина.
- Қайда тұрасың?
- Астанада.
- Астанада не көп?
- Алаңдар.
- Қай көшеде тұрасың?
- Абай.
- Абай кім?
- Ақын.
- Қандай қазақтың ұлттық ойынын ойнаймыз?
- Асық. Алтын сақа. Алтыбақан. Аударыспақ. Ат жарысы. Ақсүйек. Алтын қақпа.

- «Асықты» қалай ойнайды? Кім айтады?
- Жақсы, ендеше, «Алтын сақа» ойынын ойнаймыз.
Ойында үш деңгейлі тапсырмасы бар үш түрлі қоржын болады. Сондықтан үш топқа бөлініп сабақ бойы жарысамыз.

«Сары» қоржындағы – 3-деңгейлік тапсырма.

«Жасыл» қоржындағы – 2-деңгейлік тапсырма.

«Қызыл» қоржындағы – 1-деңгейлік тапсырма.

- Ал, іске сәт! Асық ату арқылы қоржын таңдаймыз.

«Сары» қоржын, III деңгей.

1. Қазақ тілінде неше әріп бар?

2. Қазақ тілінде неше жалғау бар? Оларды айт.

3. Ұлттық ойын түрлерін жаз.

4. Мал, ойын, бала сөздері қандай буынды сөздер?

«Жасыл» қоржын, II деңгей.

1. Қала аттарын әліпби ретімен ата (Қостанай, Жезқазған, Астана, Балқаш, Теміртау)

2. Ойыншы сөзін жікте.

4. Ұлттық ойын туралы әңгімеле.

«Қызыл» қоржын, I деңгей.

1. 1 жұмыртқа пісіру үшін 5 минут қажет, төрт жұмыртқа пісіру үшін қанша минут қажет?

2. **Ойыншылардан.** Сөз құрамына талда.

3. Ақ киімді денелі ақ сақалды... авторы кім?

4. Мына сөздермен сөйлем құрастыр. Халық, байланысты, ұлттық, тарихымен, ойындар.

2. Келесі ойынды таңдаймыз. «Б» әрібі.

- Атың кім?

- Батырхан.

- Қайда тұрасың?

- Балқашта.

- Балқашта не көп?
- Балық.
- Қандай жазушыны білесің?
- Бауыржан Момышұлы, Ахмет Байтұрсынұлы.
- Бауыржан Момышұлы кім болған?
- Батыр.
- Қандай қазақтың ұлттық ойынын ойнаймыз?
- Бәйге. Бес тас.
- «Бәйгені» қалай ойнайды? Кім айтады?
- Ендеше, біз қазір «Бәйге» ойынын ойнаймыз. Ойын шарты бойынша сұрақтың жауабын кім білсе сол қол көтереді. Әр жауапқа – бір ұпай.

«Бәйге» ойыны.

Сұрақтары:

3. «Ханталапай» ойыны.

- Атың кім?
- Хамит.
- Қайдан келесің?
- Харьковтен.
- Харьковте кім көп?
- Халық.
- Қандай телеарнаны білесің?
- Хабар.
- Қандай қазақтың ұлттық ойынын ойнаймыз?
- Ханталапай.
- «Ханталапай» ойыны туралы кім айтады?
- Ойында біз мақалдарды асықпен атып аламыз, оны тақтадан көреміз. Әр дұрыс мақалға – бір ұпай.

Отан –	қол – батыр.
Отансыз адам –	ісіңе сен.
Көз – қорқақ,	отан да ыстық.

Оқу – білім бұлағы, ақыл жастан шығады.
Асыл тастан шығады, ормансыз бұлбұл.
Күшіңе сенбе, білім – өмір шырағы.

4. Ойын – Жасырынбақ. Мәтінмен жұмыс, түскен әріптерді қойып жазу.

То...ызқ...малақ – қаза...тың ұлттық ойыны. Тоғызқұмалақ ойынын арнайы та...тада екі адам ойнайды. Ойын тақтасы – 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Әр ойыншыда бір қазан, то...ыз отауда тоғыз-тоғыздан салынған сексен бір құмалақ болады.

Тоғыз...ұмалақ – математикалық ойын. Тоғызқұмалақ тап...ырлы...ты, ойлауды, дұрыс шешім қабылдауды ...ажет етеді. Ойында есепті жақсы білетін адам же...імпаз болады.

Мәтінге сұрақтар құрастыру. Әр сұраққа – бір ұпай.

5. Қорытынды. - Балалар, бүгін біз сабақ барысында қандай ойындарды ойнадық?

- Алтын сақа, бәйге, ханталапай және жасырынбақ.
- Ұлттық ойындар нені дамытады, нені шынықтырады?
- Ұлттық ойындар туралы айта аламыз ба?
- Үзілісте ойнаймыз ба?

Тоғызқұмалақ – қазақтың ұлттық ойыны.

Тоғызқұмалақ ойынын арнайы тақтада екі адам ойнайды. Ойын тақтасы – 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Әр ойыншыда бір қазан, тоғыз отауда тоғыз-тоғыздан салынған сексен бір құмалақ болады.

Тоғызқұмалақ – математикалық ойын. Тоғызқұмалақ тапқырлықты, ойлауды, дұрыс шешім қабылдауды қажет етеді. Ойында есепті жақсы білетін адам жеңімпаз болады.

Файза ҚАДЫРҚЫЗЫ,
Ыбырай Алтынсарин атындағы
Глубокое орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Глубокое ауданы.

СЕПТІК ЖАЛҒАУЛЫ ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – жыл мезгілдері туралы білімдерін тереңдету, табиғаттың әр мезгілінде болатын өзгерістер туралы сөйлем құрату; **дамытушылық** – тақырып бойынша кездесетін сөздерді дұрыс айтқызып үйрету, септік жалғауларымен тапсырмалар орындатып үйретуді жалғастыру; **тәрбиелік** – табиғатты қорғауға, табиғаттың әсемдігін, сұлулығын көріп, оған сүйсіне білуге тәрбиелеу.

Түрі: бекіту сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, іздендіру, аудару, тестпен жұмыс.

Көрнекілігі: суреттер, слайдтар, электронды оқулықтар, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу, сабақтың тақырыбы мен мақсатын айту.

2. Ойқозғау, слайдпен қыс, көктем, жаз, күз суреттерін көрсету, слайдтағы суреттерге байланысты сұрақтар қою:

1. Мынау қай мезгіл?
2. Қыста күн қандай?
3. Қыс айларын ата.

4. Мынау қай мезгіл?
5. Көктемде күн қандай?
6. Көктем айларын ата.
7. Мынау қай мезгіл?
8. Жазда күн қандай?
9. Жаз айларын ата.
10. Мынау қай мезгіл?
11. Күзде күн қандай?
12. Күз айларын ата.

3. Сөздік жұмысы /автор сөзді айтады, оқушы интерактивті тақтадан көрсетеді/.

4. Электронды оқулықпен жұмыс:

Жылдың төрт мезгілі бар: қыс, көктем, жаз, күз.
Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан. Қыста күн суық болады, қар жауады. Балалар коньки, шаңғы тебеді, аққала жасайды, шанамен сырғанайды.

Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. Көктемде күн жылынады, қар ериді. Жерге көк шөп шығады, бәйшешектер гүлдейді. Құстар ұшып келеді.

Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз. Жазда күн ыстық болады. Ағаштар жасыл болады. Балалар далада көбелек ұстайды, суға шомылады.

Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша. Күзде күн суытады. Жиі жаңбыр жауады. Жапырақтар сарғаяды, жерге түседі. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Күзде астық, жемістер, көкөністер піседі.

Сұрақтарға жауап бер:

1. Бір жылда неше мезгіл бар?
2. Қыста күн қандай, не жауады?

3. Қыста балалар не істейді?
4. Көктемде күн қандай, қар не істейді?
5. Жерге не өсіп шығады?
6. Көктемде нелер ұшып келеді?
7. Жазда күн қандай, не жауады?
8. Жазда балалар не істейді?
9. Күзде күн қандай?
10. Күзде жапырақтар қайтеді?
11. Күзде құстар қайда ұшып кетеді?
12. Күзде нелер піседі?

5. Грамматикалық жұмыс:

1. Оқушыларға септіктерді сұрақтарымен айтқызып, естеріне түсіру.

2. Электронды оқулық бойынша септік жалғауларын естеріне түсіру.

3. *Көбелек* сөзін ауызша септету.

4. *Аққала* сөзін интерактивті тақтада септету.

5. *Құс* сөзін дәптерлеріне жаздырып, септету.

6. Интерактивті тақтамен жұмыс:

сарғаяды

ұшып келеді

піседі

гүлдейді

ұстайды

ериді

Керекті сөздер: *құстар, қар, жапырақтар, жемістер, бәйшешектер, көбелек.*

7. Тест.

1. Қыс айларын ата.

2. Қыста балалар не істейді?
3. Көктем айларын ата.
4. Қар қашан ериді?
5. Балалар жазда не істейді?
6. Жаз айларын ата.
7. Күздің белгісін көрсетіңіз.
8. Күз айларын ата.
9. Көкөністер қашан піседі?
10. Балалар жаңа жылды қашан қарсы алады?

Сабақты бекіту:

1-суретте жылдың төрт мезгілінің суреті.

1. Сонымен неше мезгіл бар, олар қандай?
2. Қыста, көктемде, жазда, күзде күн қандай болады?
3. Қыс, көктем, жаз, күз айларын ата.

Оқушылардың білімін бағалау.

Үйге тапсырма.

<p>Қыс</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2. 3. 	<p>Көктем</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2. 3.
<p>Жаз</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2. 3. 	<p>Күз</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 2. 3.

Жыл мезгілдерінің суретін салып, әр мезгілге 3 сөйлемнен құру.

Жанар АЙМАХАНОВА,
Павлодар облысының
Ақсу қаласындағы
№7 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

«Ү» ДЫБЫСЫН ОҚЫТУ

(1-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – қазақ тіліне тән ү әрібі және дыбысымен таныстыру. Оның айтылу, жазылу жолдарын үйрету; **дамытушылық** – ү дыбысына байланысты жаңа сөздерді меңгерту, тілдерін жаттықтыру, сөздік қорын байыту, көру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру; **тәрбиелік** – әдемі, таза жазуға, тәртіпке, тазалыққа тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақты түсіндіру. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, түсіндіру, салыстыру, жеке, жұптық, қайталау, ойын. **Көрнекіліктері:** тақырып бойынша керекті суреттер, тірек-сызбалар, кәртiшкелер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу. Күнделікті сұрақ қою.

- Қазір қандай сабақ басталды?
- Қазақ тілі нешінші сабақ?
- Қазақ тілі сабағында не істейміз?

- Бүгін сыныпта кім бар? Кім жоқ?
- Қазір қай жыл мезгілі?
- Күз айларын ата?
- Бүгін аптаның нешінші күні?

II. Үй тапсырмасын тексеру. «Менің аулам» тақырыбына байланысты сөздерді жаттап келу (ауызша тексеру, мұғалім орысша сөздерді айтады, оқушылар қазақша жауап береді).

Двор – аула; я – мен;

Чистый – таза; красивый – әдемі;

Город – қала; широкий – кең;

Играй – ойна; ходит – жүреді.

III. Жаңа сабақ.

1. Гүл, түн, сүт, түлкі, күшік суреттерін көрсетіп, балаларға сұрақ қою.

- Балалар, мына суреттерге қараңдар.

- Мынау не?

- Мынау ненің суреті?

- **У** деген дыбысқа ұқсайтын дыбыс бар ма екен? Орыс тіліндегі у дыбысымен салыстыру.

2. Ү дыбысының айтылуын, жасалу жолын түсіндіру. Оқушылардың өздеріне ү дыбысын айтқызу.

3. Тапсырмалармен жұмыс.

1-тапсырма. Көрнекілік бойынша Үү әрібінің баспа және жазба түрімен таныстыру, дәптерге жазу.

Оқулықпен жұмыс. Сурет бойынша сөздерді оқу. Үстел, үлкен, гүл, үш, сүт, күн, түн, үй.

- Осы сөздерді буынға бөліп оқыту (Үс-тел, үл-кен, гүл, үш, күн, түн, үй).

2-тапсырма. Кәртiшкемен жұмыс.

(Әр оқушының алдына таратып беру)

- Ү дыбысының астын сыз. Жүзім, бүгін, үстел, күнделік, үлкен, күн, түн, үй, үкі, сүт, түс,

- Нүкте орынына ү дыбысын қойып шық. ..йрен, ...стел, б..гін, .к..рек, с..т, т..н, к..шік, т..лкі, ж..зім, ..йрек .

Сөздерді оқыту.

3-тапсырма. Ойлан, тап.

Сөздікпен жұмыс.

Ишемін – буду пить;

Жеймін – буду есть.

Сөйлемді дұрыс құр:

Сүт, ішемін, мен. Нан, жеймін, мен.

4-тапсырма. Тыңда, қайтала.

День – күн;

цветок – гүл;

Большой – үлкен;

виноград – жүзім;

Ночь – түн;

смейся – күл;

Учись – үйрен;

сегодня – бүгін;

Утка – үйрек;

береги – күт;

Сова – үкі;

домик – үйшік;

Лопата – күрек;

молоко – сүт;

лиса – түлкі;

щенок – күшік.

Сергіту сәті:

Доп, доп,

Топ, топ.

Доп жоғалды,

Доп жоқ.

Қап, қап,

Тап! Тап!

Сабақты бекіту.

«Қандай сөз жоқ?» ойыны .

(Бір сөзден өшіріп отыру)

Бәрі оянады

Күн, күн, күн.

Бәрі ұйықтайды

Түн, түн, түн



Сабақты қорытындылау:

- Біз сендермен қай әріппен, дыбыспен таныстық?

- Ү қандай дыбыс?

- Құрамында ү дыбысы бар қандай сөздерді білдіңдер?

Бағалау.

Үйге тапсырма беру: Құрамында ү дыбысы бар 5-6 сөздер жаттап келу.

ШЫҒАРМАШЫЛ МАМАНДЫҚ

Сабактың мақсаты: дәнекерлеуші мамандығы бойынша терминдерді қайталау, теориялық білімін анықтау. **Міндеттері: білімділік** – «Мамандық» тарауы бойынша алған білімдерін пысықтау; **дамытушылық** – сөздік қорын молайту, оқушылардың ойлау қабілетін, ой белсенділігін арттыру, оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал ету; ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа баулу; **тәрбиелік** – өз мамандығы үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу, өз Отанына адал қызмет етіп, үлесін қосуға шақыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Кәсіпке қатысты міндетті және мүмкіндік деңгейі бойынша терминдер арқылы сөйлем құрады.

1. Кәсібі бойынша терминдерді айта алады.
2. Грамматикалық тақырыптарды қайталайды.
3. Екі топ болып сайысқа түседі.

Типі: білімі мен әрекет тәсілдерін тексеру, бағалау, түзету сабағы.

Түрі: жарыс сабақ.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, жарыс, іздендіру.

Ұйымдастыру нысандары: жеке, топтық.

Пәнаралық байланыс: арнайы пән, өндірістік оқыту.

Материалдық-техникалық жабдықтылығы: үлестіріме материал, сөздіктер, бейнематериал, интерактивті тақта, кәртішкелер, Power Point слайд-шоу.

Сабақтың барысы.

№	Кезеңдер	Оқушының қызметі	Оқытушының қызметі
I.	Ұйымдастыру кезеңі: 1. Топты тізім бойынша тексеру. 2. Оқушыларды сабаққа ұйымдастыру.	1. Кезекшінің сөзі. 2. Оқу құралдарын дайындайды.	1. Топты тізім бойынша тексереді. 2. Оқушыларды сабаққа ұйымдастырады. 3. Сабақтың мақсаты мен міндетін хабарлайды.
II.	Үй тапсырмасын тексеру.	1. «Бәйге» ойыны арқылы өткен грамматикалық тақырыптарды қайталау мақсатында ойынға қатысып, ұпай жинайды.	1. Өткен тақырыптарды қаншалықты меңгергендіктерін тексеру мақсатында «Бәйге» ойынын ұйымдастырады, алған ұпайларын бағалау парағына жазып отырады.

<p>Ш.</p>	<p>Операциялық-орындау кезеңі: 1. «Мамандықтар презентациясы» бейнематериалмен таныстыру. 2. Мәтінмен жұмыс.</p>	<p>1. «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ-на жұмысқа конкурс жарияланғаны жөнінде бейнематериалды тамашалайды. I бөлім. «Терминді тап» ойыны. Слайд-шоу арқылы мамандыққа қатысты сөздердің суреттері көрсетіледі, сол сөздерді тапқан топ 1 ұпайға ие болады. Мақсаты: терминдерді еске түсіру.</p>	<p>1. «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ-на жұмысқа конкурс жарияланғаны жөнінде бейнематериалды көрсетеді. 2. Оқытушы осы жұмысқа түсу үшін 2 топқа бөлініп, жарысатынын хабарлайды.</p>
	<p>3. Мәтін бойынша диалог құрастыру. 4. Репетитивті дағдыларды қалыптастыратын тапсырмалар. 5. Когнитивті дағдыларды қалыптастыратын тапсырмалар.</p>	<p>3. II бөлім. «Ассоциация» ойыны. «Мамандық» тақырыбына ассоциациялар жазады. 1 сөз – 1 ұпай. 4. III бөлім. «Сөз әлемі» ойыны. Сөз – кең әлем. Сөзден небір қызықты атаулар құруға болады. «Газэлектрдене-керлеуші» сөзінен бірнеше мағыналы сөзден құралған» 1 сөз – 1 ұпай.</p>	<p>3. «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ-на жұмысқа конкурс жарияланғаны жөнінде бейнематериалды көрсетеді. 4. Оқытушы осы жұмысқа түсу үшін 2 топқа бөлініп, жарысатынын хабарлайды.</p>

	<p>5. IV бөлім. «Сиқырлы қалам» бөлімі. Бұл тапсырмада берілген сөйлемдерді толықтырады, дұрыс жауабын сиқырлы қалам арқылы анықтайды.</p> <p>6. V. «Білгір» ойыны. Интерактивті тақтада екі тақырыпқа берілген сөздерді дұрыс орналастырады. 1 сөз – 1 ұпай.</p>	<p>3. I бөлім. «Терминді тап» ойыны. Ойынды өткізеді.</p> <p>3. II бөлім. «Ассоциация» ойыны.</p>
	<p>VI бөлім. «Дұрыс па, бұрыс па?» ойыны. Сұрақтар оқылады. Оқушылар тек қана «иә», «жоқ» деген жауаптар береді. 1 жауап – 1 ұпай.</p> <p>VII бөлім. “Сұрақ – жауап” ойыны. Интерактивті тақтада сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>4. III бөлім. «Сөз әлемі» ойыны. “Газэлектрдәнекерлеуші» сөзінен бірнеше мағыналы сөз құрайды. 1 сөз – 1 ұпай.</p> <p>IV бөлім. «Сиқырлы қалам» бөлімі.</p> <p>V. «Білгір» ойыны. Интерактивті тақтада екі тақырыпқа берілген сөздерді дұрыс орналастырады. 1 сөз – 1 ұпай.</p>

		<p>VIII бөлім. «Сөзжұмбақ шешу». 5 ұпай.</p> <p>IX бөлім. «Білім - байлық».</p> <p>Кәртiшкемен жұмыс. Әр оқушы өз біліміне байланысты тапсырма таңдайды, жеке жұмыс жасайды, соңында топ мүшелерінің ұпайлары қосылып, бірге саналады.</p>	<p>VI бөлім. «Дұрыс па, бұрыс па?» ойыны. Сұрақтарды оқып, ойынды өткізеді.</p> <p>Оқушылар тек қана «иә», «жоқ» деген жауаптар береді. 1 жауап – 1 ұпай.</p> <p>VII бөлім. “Сұрақ – жауап” ойыны. Интерактивті тақтамен жұмыс.</p>
			<p>VIII бөлім. «Сөзжұмбақ шешу». 5 ұпай.</p> <p>IX бөлім. «Білім - байлық».</p> <p>Кәртiшкемен жұмыс. Бөлімнің шартын хабарлайды.</p> <p>Оқушыларға көмек көрсетеді.</p>
IV.	Қорытынды.	Оқушылардың ұпай саны есептеліп, жеңімпаз топ анықталады.	Ұпай сандарын есептейді.
V.	Үй тапсырмасы: сөйлемдер құрастыру.	Үй тапсырмасы: кәсіп, еңбек туралы 10 мақал-мәтел жазып, жаттап келу.	Үй тапсырмасын түсіндіреді.

VI.	Қорытындылау. - Бүгінгі сабақта қандай жаңа ақпарат білдіндер?	Оқушылардың қорытынды жауаптары.	Оқытушының қорытынды сұрақтары.
VII.	Бағалау.	Алған ұпай санымен танысады. Ұпай санына байланысты тиісті бағаларын алады.	Оқушылардың жұмыстарын бағалап, хабарлайды.

«Газэлектрмендәнекерлеуші» мамандығы бойынша дидактикалық материал

«Газэлектрмендәнекерлеуші» мамандығы

Газэлектрмендәнекерлеуші мамандығы – өте қажет мамандық. Кез келген өндірістік кәсіпорында газэлектрмендәнекерлеу қолданылады. Газэлектрмендәнекерлеу – қосылыс жерін балқу немесе иілу күйіне дейін қыздыру әдісі арқылы металл бөлшектердің қозғалыссыз, бөлінбейтін қосылыстарын алу үрдісі.

Газэлектрмендәнекерлеудің көмегімен көліктердің, әр түрлі металл құрылымдардың, көпірлердің, цистерналардың немесе қазандардың және құбырлардың металл бөлшектері жалғанады. Материалдық өндірістің кез келген саласында газэлектрмендәнекерлеуші атқаратын жұмыстар болады.

Дәнекерлеу – көліктердің, құрылымдардың бөлшектерін ажырмайтындай етіп қосатын сенімді әрі үнемді тәсіл болып табылады.

Дәнекерлеуші шойын, болат құбырлардың құрылымдарын, тетіктерді қолмен, доғалы, плазмалы

және газбен дәнекерлеуді орындайды, сонымен қатар телевизионды, фотоэлектрондық және басқа да құралдармен жабдықталған автоматтарда дәнекерлейді.

Газэлектрмендәнекерлеушінің міндетіне бетті жұмысқа дайындау, технологиялық режимді таңдау, дәнекерлеу үрдісін және сапасын бақылау, тиісті жабдыққа қызмет көрсету енеді.

1. Мәтінді оқып, септік жалғаулы сөздерді теріп жазыңдар (4 ұпай).

2. Репетитивті дағдыларды қалыптастыратын тапсырмалар (5 ұпай).

Дұрыс жауабын көрсетіңіз.

Р / н	Мысалдар	Жіктік жалғау	Көптік жалғау	Септік жалғау	Тәуелдік жалғау	Жұрнақ
		А	Ә	Б	В	Г
	дәнекерлеушінің			+		
	көліктердің					
	үрдісі					
	материалдық					
	режимді					
	бөлшектерін					
	әдісі					
	тетіктерді					
	плазмалы					
	газбен					
	жабдықта					

3. Келесі сөздерге ілік септігі жалғауын жалға. 4 ұпай.

Газэлектрмендәнекерлеуші..., материалтану..., қолмен дәнекерлеу..., газбен дәнекерлеу..., қол ара..., егеу..., электродұстағыш..., дәнекерлегіш..., жіктер..., мыс..., қола., шойын..., жез...

4. Мына терминдерге жатыс септігінің жалғауын жалға.

Пісірме жігі..., балқыма электрод..., электр разряды..., оттегі..., ацетилен..., трансформатор ..., негізгі метал...

5. Мына терминдерге табыс септігінің жалғауын жалға.

Кернеу..., дәнекер..., жерлендіру..., оқшаулау..., бәсеңдеткіш..., ақау..., бақылау., жартылай өткізгіш құралдар....

6. Келесі сөздердің сәйкес аудармасын тап:

1. Қорғаныш газ	1. Сила сварочного тока
2. Электродтың көлбеулігі	2. Сварочный пост
3. Пісіру тогының күші	3. Очистка металла
4. Газдың жұмыс қысымы	4. Наклон электрода
5. Пісіру орыны	5. Карбид кальция
6. Металды тазарту	6. Защитный газ
7. Кальций карбиді	7. Сварочная горелка
8. Пісіру шілтері	8. Рабочее давление газа

7. Мәтіннен 5 сөз алып, сөз құрамына талда. 4 ұпай.

Мысалы: лицейге, лицей – түбір (корень), - ге – барыс септік жалғауы.

8. Дәнекерлеуші болу оңай емес. Неге?

Өз ойыңды жаз. **6 ұпай.**

9. Өз мамандығыңа жарнама жаз. 10 ұпай.

Оқушылар өткен грамматикалық тақырыптарды қаншалықты меңгергенін тексеру мақсатында интерактивті тақтадан «Бәйге» ойынын ойнайды және өз топтарына ұпай жинайды.

«Бәйге» ойынының сұрақтары:

Жалғаулар.

10. Қазақ тілінде неше жалғау бар?
20. Көптік жалғауларын ата.
30. -ның, -нің, -дың, -дің, -тың қай септіктің жалғаулары?
40. Жіктік жалғауларын ата.

Сөйлем мүшелері.

10. Сөйлем мүшелері неше түрге бөлінеді?
20. Тұрлаулы мүшелерді ата.
30. Тұрлаусыз мүшелерді және сұрақтарын ата.
40. Бастауыш пен баяндауыш қандай сұрақтарға жауап береді және қандай сөз табынан жасалады?

Етістіктің шақтары.

10. Етістіктің неше шағы бар?
20. Осы шақтың неше түрі бар?
30. Мақсатты келер шақтың жұрнақтарын ата.
40. Бұрынғы өткен шақтың жұрнақтарын ата.

«Бәйге» ойыны.

Жалғаулар



Сөйлем мүшелері



Етістіктің шақтары



СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН КҮЗГІ СУРЕТШІ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: оқушылардың күз мезгіліне деген түсінігін кеңейту, бұл жыл мезгілінің ерекшелігін атап көрсету.

Сабақтың міндеттері: **білімділік** – жаңа тақырып бойынша оқушыларға жан-жақты білім беру; **дамытушылық** – «Жыл мезгілдері», оның ішінде «Күз» тақырыбында сөйлесу дағдысын қалыптастыру; **тәрбиелік** – әр жыл мезгілінің өзіндік қадір-қасиеті барын, пайдасын, ерекшелігін айтып түсіндіру.

Түрі: аралас сабақ.

Көрнекілік: интерактивті тақта, слайдтар, кубик.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, әңгімелесу.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сабаққа дайындықты және оқушының жұмыс жүргізетін орынын тексеру.

Сәлемдесу.

Кезекші жұмысымен танысу.

- Балалар, бүгін сыныпта кім кезекші?
- Бүгін нешесі?
- Қандай ай?
- Жылдың қай мезгілі?
- Бір жылда неше жыл мезгілі бар?
- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Аптаның қай күні?
- Қазір қандай сабақ?
- Нешінші сабақ?
- Сендер қай елде тұрасыңдар?
- Қандай Республикада тұрасыңдар?

II. Баланың білімін тексеру.

Үй жұмысын тексеру.

- Балалар, үйге қандай тапсырма берілді?

5-тапсырма. 42-бет.

Сурет бойынша шағын әңгімелер жазу, әңгімеге атақ қою.

- Олай болса үй тапсырмасын тексерейік.

1. Жаңбырлы күз.
2. Орманда.
3. Бау-бақшада.
4. Базарда.

III. Жаңа сабақ.

- Ал, енді, тақтаға қарайық.

Тақтада қай мезгілдің көрінісін байқап тұрмыз?

Осы «Күз» суреті бойынша әрқайсысымыз бір сөйлемнен құрастырып шығайық.

Мысалы: Күзде жапырақтардың ағаштары сарғаяды.

Бау-бақшада алмалар, көкөністер піседі.

Диқаншылар егін жинайды.

- Балалар, енді, өздерің де осыдан біліп отырғандай жаңа сабағымызға көшейік.

Сабағымыздың тақырыбы: Күзгі суретші.

4-сабақ. 42-бетті ашайық.

Тақтаға қарап, сөздік жұмысын жасап жіберейік.

Мен оқияын, сендер тыңдаңдар:

1. *Тәжікелесу – поспорить;*

Үйеңкі – клен;

Жөке – липа;

Ырғай – бузина черная;

Қайың – береза;

Ине – иголка;

Қарағай – сосна;

Шырша – ел.

2. Енді сөз тіркесін жасап, қай сөз табынан екенін анықтайық:

Олар тәжікелесті.

Үйеңкі ектік.

Жөке ағашы.

Ырғай жаңғағы.

Ақ қайың.

Инемен тігу.

Биік қарағай.

Шыршаны безендіру.

3. - Балалар, енді мәтінімізге келейік. Мен оқып

шығайын сендер тыңдап, мәтінде не болғанын орысша айтып бересіңдер. Орысша өз түсінігін айтып болған соң, азат жолға бөліп оқыту. Әр оқушы өзінің оқыған азат жолын өз сөзімен әңгімелеп береді:

- 1) Кездесіп, тәжікелесті.
 - 2) Күз өз суретін салды.
 - 3) Ағаштарды қалай бояды?
 - 4) Шыршалар, қарағайлар жасыл болып қалды.
 - 5) Мазмұнын толық әңгімелету.
4. - Енді, балалар, қазір үш қатарға мынадай тапсырмам бар:

Ақындардың «Күз» туралы жазған өлеңдерін өздерің құрастырып, рет-ретімен қойып, өлең жолдарын шығарыңдар.

Қай қатар тез құрастырып болар екен?

Оқып шығу.

Қоңыр күз	Ұнатам күзді мен,
Мәуе пісіп балбырап,	Қарашы далаға,
Маужыраған қоңыр күз.	Нұрға енген сары ала,
Алма пісіп албырап,	Пісті алма балбырап,
Көзді тартқан қоңыр күз.	Сарғайды бал құрақ.
	Алқаптан бидайды
	Қоймаға ел жинайды.
	Тырнасы тізілген,
	Ұнатам күзді мен.

IV. Дәптермен жұмыс.

5-тапсырма. Деңгейлік тапсырмалар:

1. Күздігүні ауа райы бұзылады.
2. Бау-бақшада көкөністер піседі.
3. Діқаншылар егінді жинайды.

V. Сергіту сәті (Слайд).

Кім тез сөз табады? Криптограмманы шешейік.

1. Күз.
2. Қазан.
3. Ауа райы.
4. Жапырақ.
5. Құстар шық.
6. Нөсер.

VI. «Кубизм» әдісі.

3 қатарға қойылатын сұрақтар:

1. Күзде қандай мерекелер болады?
2. Күзде ауа райы қалай өзгереді?
3. «Күз» туралы қандай мақал-мәтел білесің?
4. Өз сыныбыңда «Күзде» кімдердің туған күні? Білесің бе?
5. «Күз» туралы қандай өлеңді жатқа білесің?
6. Күз мезгілі саған неге ұнайды?

VII. Оқулықпен жұмыс.

«Күзгі суретші» тақырыбына диалог құрастыру.

Әр қатардан 2 бала шығады.

VIII. Сабақты қорытындылау (9 слайд)

Мен не білемін? Не білдім? Не білгім келеді?

IX. Үйге тапсырма:

- 1) тапсырма (жаңылтпаштар);
- 2) тапсырма (әңгіме жазу).

Күнсұлу ЖИЕНТАЕВА,
«Бота» балабақшасының
тәрбиешісі.
Алматы облысы,
Қарасай ауданы,
«Үшқоңыр» ауылы.

МЕНІҢ ОТБАСЫМ

Білім беру аймағы: Таным.

Бөлімі: Өзін-өзі тану.

Мақсаты: отбасы туралы түсініктерін кеңейту, отбасы мүшелеріне қамқорлық, жанашырлық сезімдерін дамыту, отбасындағы өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Отбасы туралы суреттер, дәптер, желім, сүлгі.

Әрекеттер кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы.	- Қайырлы таң, балалар! Мен сендермен кездескеніме өте қуаныштымын. Қане, бәріміз шеңбер құрып, Е.Өтетілеуов ағамыздың «Біздің шаңырақ» өлеңін бірге айтайықшы.	Балалар шеңбер құрып тұрады, өлең жолдарын айтады.

	<p>Атамнан басталар, Әжеммен қосталар Отбасым мыналар: Ең жақын адамдар - Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар. Бір туған тәтем бар. Бәрін жақсы көремін, Еркелеймін, еремін.</p>	<p>Балалардың жауаптары тыңдалады.</p>
	<p>Суретпен әңгіме: - «Өзін-өзі тану» әлемінің «Отбасы» аялдамасындағы суретке назар аударайық! - Суретте кімді көріп тұрсындар? - Әрине, ата-әжені. Сендердің әке- шешелеріңді өмірге, дүниеге әкелген - осы ата-әжелерің. Ата- әжелерімізді сыйлап, төрден орын беріп, құрметтеуіміз керек.</p>	
<p>Іздену- ұйымдас- тыру.</p>	<p>Жұмбақ: Сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр. 1. Баласының баласы, Көздерінің қарасы. Атасына немене? Әжесіне немене? (немере)</p>	<p>Немере</p>
	<p>2. Немеренің барлығын Бірдей жақсы көреді. Тәттілерін сақтаған Бірдей етіп бөледі. (Ата-әже)</p>	<p>Ата-әже</p>

	<p>Сендер осы ата-әжелеріңнің немересі боласындар. Олай болса, ата-әжелерің туралы қандай өлең, тақпақтар білесіндер?</p>	<p>-Ата – үлкен нәріміз, Қуат берер дәріміз. Әулиедей аялап, Ардақтаймыз бәріміз. (Қ.Күзембаев).</p>
		<p>- Әжем менің мейірімді, Әлпештейді көңілімді. Әке-шешем анасы ол, Әркез тілер өмірімді. Атам не айтса көнетін, Әжем көңіл бөлетін. Мен – осы үйдің кенжесі, Бәрі жақсы көретін. (Қ.Әбілдәқызы).</p>
	<p>Әке – отбасының тірегі. - Келесі суретке қарайық! «Әке көрген оқ жонар»- деп қазақ атамыз бекер айтпаған. Әке тәрбиесін көрген баланың өмірге деген көзқарасы, сана-сезімі өте жоғары болады. Сондықтан да әкені сыйлап, тілін алып жүруіміз керек. Әкемізді бәріміз жақсы көреміз бе? Өте жақсы. Мен де сендер сияқты әкемді өте жақсы көремін. -Ал, мына суретте кімді көріп тұрсындар?</p>	<p>Балалардың жауаптары.</p>

	<p>-Әрине, ананы, «Ана көрген тон пішер»-дейді қазақ. Ана – отбасының берекесі. Ананы ардақтап, айтқанын екі етпей орындап, ренжітпей сыйлауымыз керек.</p> <p>-Бәріміз анамызды жақсы көреміз бе? Ендеше, ана туралы кім тақпақ біледі?</p>	<p>Балалардың жауаптары.</p>
		<p>Жер бетінің ғұмыры Күн нұрымен тарайды. Біздің үйдің жұлдызы Анамыздан тарайды.</p> <p>Көзімді ашып өмірге, Алып келген анашым. Ақ періште көңілге Жарық берген анашым.</p>
	<p>-Ал мына суреттен кімдерді көріп тұрсындар? - Аға, тәте – өздеріңнің үлкен туыстарың, сендердің қамқоршыларың. Ал іні-қарындас – сендердің кіші туыстарың. Оларға үнемі қамқоршы болып жүруіміз керек.</p>	<p>- Аға, тәте, іні-қарындас.</p>

	<p>- Балалар, осы суреттегі адамдарды (ата, әже, әке, ана, аға, тәте, іні-қарындас, бөпе) бір сөзбен қалай атаймыз?</p> <p>- Дұрыс, бір шаңырақ астында тұратын адамдарды «Отбасы» дейміз.</p> <p>- Балалар, сендердің ата-аналарың сендерге ат қойды. Атын атап шақырған кімге де ұнайды. Сендер әкелеріңнің атын өз аттарыңа қосып айта аласыңдар ма?</p>	<p>- Отбасы.</p>
	<p>Мысалы: Мен – Күнсұлу Амангелдіқызы.</p> <p>-Қане, бәріміз өз атымызды толық атап көрейікші!</p> <p>-Жарайсыңдар!</p> <p>Тыныштық сәті: (жәй әуен тыңдалады).</p>	<p>Балалар жауабы.</p>

	<p>-Енді бәріміз көзімізді жұмып, әрқайсымыз өзіміз тұратын үйімізді, отбасымызды көз алдымызға елестетіп көрейікші. Әркімнің өз үйі бар. Әркім өз үйін жақсы көреді. Себебі ол үй сендер үшін жайлы және жылы. Осы бір әдемі үйде өз ата-аналарыңмен, ата-әжелеріңмен, аға, тәтелеріңмен, іні-қарындас, бөпелеріңмен бірге тұрасыңдар. Енді көздеріңді ашыңдар. -Өз үйлеріңде кімдермен тұрасыңдар?</p>	<p>Балалардың жауаптары.</p>
<p>Сергіту сәті:</p>	<p>Айшаның дайындап келген «Отбасы» суреттерімен танысайық.</p> <p>Кел, балалар, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Шаңырақты көтеріп, Керегені құрайық. Уықтарша иіліп, Шаңыраққа қосылып, Қазақ үйді құрайық.</p>	
	<p>Дәптермен жұмыс: Дәптерде берілген Үйдің терезелеріне отбасы мүшелерінің суреттерін жапсырайық. Көрініс: «Әже мен немере».</p>	

**Қоры-
тынды.**

-Балалар, сонымен «Отбасы» дегеніміз кімдер екен?

-Отбасы мүшелеріне кімдер кіреді?

-Ата, әжеге біз кім боламыз?

-Әрине, немере.

-Енді, осы әжелерімізге арнап «Ақ әжем» әнін орындап жіберейік.

-Жарайсындар!

Жүректен жүрекке енді өз отбасымызға деген сүйіспеншілігімізді білдірейік.

Тәрбиеші: - Адамға ең қымбат – отбасы.

Көркем: - Мен өз отбасымды жақсы көремін.

Асылжан:- Мен атам мен әжемді жақсы көремін.

Әмина:- Менің отбасым – ең тату отбасы.

Қанат:- Менің анам ақылды адам.

Айша:- Менің әжем өте мейірімді.

Алтай:- Менің әжем ақылды. **Мадина:**-

Анамның ыстық алақанын сағынамын.

Әйгерім:- Біз сүйкімді боламыз. **Аян:**- Менің отбасым бақытты.

Нұрғиса: - Мен атамның сүйікті немересімін. **Еркебұлан:**-

Мен отбасыма ашық аспан тілеймін.

Айгүл БЕҚҚҰЛИЕВА,
Айнұр ТӨЛЕНДИЕВА,
Алматы қаласындағы
№113 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімдері.

Т.М.АРТЫҚОВАНЫҢ ОРЫС МЕКТЕБІНІҢ 6-СЫНЫБЫНА АРНАП ЖАЗҒАН ОҚУЛЫҒЫ БОЙЫНША ҚҰРАСТЫРЫЛҒАН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

I нұсқа

1. Фонетика нені зерттейді?

- а) морфология;
- ә) лексика;
- б) дыбыс.

2. Еріндік дауысты дыбыстарды көрсет:

- а) а, ә, е, э, ы, і, и;
- ә) о, ө, ұ, у, ү;
- б) ы, і, ұ, ү, у, и.

3. Сөз мағынасына қарай қалай бөлінеді?

- а) грамматикалық, лексикалық;
- ә) синтаксистік, морфологиялық;
- б) жіктік, септік.

4. Сөздің тура мағынасын көрсет:

- а) ақ көйлек;

ә) ақ жүрек;

б) ақ жол.

5. Сөйлем түрлерін көрсет:

а) сыпайы;

ә) хабарлы;

б) көп мағыналы.

6. Лепті сөйлемді көрсет:

а) Мен мектепке жақын тұрамын;

ә) Сен мектепке бар;

б) Туған жер қандай байтақ.

7. Дұрыс сөйлемді тап:

а) жаңбыр жиі-жиі жауады;

ә) сарғая жапырақтар бастады;

б) бастады ауа райы жылына.

8. Мақал-мәтелді толықтыр:

Күш –..... , білім -

а) ғылымда, мектепте;

ә) теңізде, кемеде;

б) білімде, кітапта.

9. Оқушы сөзінің синонимін көрсет:

а) оқытушы;

ә) шәкірт;

б) үздік.

10. Септік жалғауларын көрсет:

а) -м, -ң, -ыңыз, -іңіз;

ә) -нің, -ның, -дің, -дың, -тің, -тың;

б) -қы, -кі, -ғы, -гі.

**11. Қай септікте тұрғанын анықтаңдар. Қонаққа,
үйіме, баласына.**

а) табыс;

ә) барыс;

б) жатыс.

12. Көп нүктенің орынына көмекші есімді қой.

Қаланың үлкен саябақ бар.

а) алдында;

ә) үстінде;

б) шетінде.

13. Жіктік жалғауды көрсет:

а) -сыңдар, -сіңдер;

ә) -тарың, -лерің;

б) -нің, -ның, -тің, -тың.

14. Заттың атын білдіретін сөз табын көрсет:

а) сан есім;

ә) зат есім;

б) сын есім.

15. Жалпы есім сөздерді көрсет:

а) Астана, Өскемен;

ә) атамекен, құс;

б) «Балдырған», «Айгөлек».

16. Жалпылау есімдігін көрсет:

а) ешкім;

ә) ештеңе;

б) барлық.

17. *Ешкім, ештеңе, ешқашан* қандай есімдіктер?

а) жіктеу;

ә) жалпылау;

б) болымсыздық.

18. *-лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу* – қандай шырайдың

жұрнақтары?

а) жай;

ә) күшейтпелі;

б) салыстырмалы.

19. Сын есімнің жай шырайын тап:

- а) әдемі, дәмді;
- ә) үлкендеу, толығырақ;
- б) өте биік, аса ақылды.

20. *Не істеді* сұрағына жауап беретін сөздерді

көрсет:

- а) көркем, тамаша;
- ә) қарап тұрды, жеп отырды;
- б) ұстаз, оқытушы.

21. Тұйық етістік сөздерді көрсет:

- а) бағу, асырау, беру;
- ә) көрді, жүрді, алды;
- б) әдемілеу, тәттілеу, ұсақтау.

22. Негізгі етістікті көрсет:

- а) ойла, ақта, тазала;
- ә) келу, бару, жүру;
- б) бар, жаз, көр.

23. Нақ осы шақтың жұрнақтарын көрсет:

- а) -ып, -іп, -п;
- ә) -ды, -ді, -ты, -ті;
- б) -а, -е, -и.

24. Өткен шақта тұрған сөздерді көрсет:

- а) бастадық;
- ә) бастаймыз;
- б) бастап тұр.

25. Қалау райдағы сөзді көрсет:

- а) барғысы келеді;
- ә) оқыса;
- б) келсін.



Айнұр КЕҢЕСБАЙҚЫЗЫ,
«Бидайық» орта мектебінің
мұғалімі.

Солтүстік Қазақстан облысы,
Уәлиханов ауданы.

КӘРТІШКЕ-СҰРАҚНАМАЛАР

Бұл кәртiшке-сұрақнамаларды тақырыпты өткен соң материалды қаншалықты меңгергендiгiн тексеру үшiн қолдануға болады. Екiншiден, деңгейлiк тапсырма ретiнде жеке оқушымен жұмыс ретiнде пайдаланған ыңғайлы.

Iлiк септiк.

1. Берiлген сөздерге дұрыс жалғауын қосып жаз.

Бөлме, керует, шаш, дәптер, қалам, ауыл	ның, нiң, дың, дiң, тың, тiң
--	------------------------------

2. Кiмнiң сұрағына жауап беретiн сөздердi белгiле.

Мынау – Гүлнардың кiтабы. Бiз Әрсеннiң жолдасына барамыз. Мен Абайдың өлеңiн оқыдым. Виктордың анасы қалаға кеттi. Бибiгүлдiң әкесi қайда? Сабақтың аяғы қызық болды. Есiктiң тұтқасы сынып қалды. Оқулықтың бетi тысталған. Күннiң көзi түсiп тұр. Мектептiң жанында гүлдер өсiп тұр. Сөмкенiң iшi – толған кiтап.

3. Берiлген сөйлемдердi аударып, iлiк септiгiндегi сөздердi терiп жаз.

Это школа Жанар. Друг Данияра учится в 6-ом классе. Тетрадь ученика лежит на столе. Цвет ковра светлый. Мяч Карима большой. Комната Алии чистая. Дочь сестры спит на диване. Школьная библиотека открыта. Это книга Азамата. Окна кабинета большие. Цвет доски черный.

Барыс септік.

1. Берілген сөздерге барыс септігінің жалғауын қосып жаз.

Журнал, дала, сен, су, кітап, дүкен, қала, мектеп, ана, ауыл, үстел.

2. Мына сөздерді қазақ тіліне аударып, қай септік-те тұрғанын анықта.

В Омск, в аул, в город, к девушке, за мелом, к товарищу, к озеру, за учебником, за стулом, к Айжан, за водой.

3. Жақшадағы сөздерді барыс септігіне қойып жаз.

(к тебе) Әсет келіп тұр. Ол (взять учебник) келіп тұр. Біз (к вам) бара жатырмыз. (Им) сурет көрсет. Самат (домой) жат жазды. (На базар) бар. (В кино) барма, (на собрание) бар.

Табыс септік.

1. Берілген сөздерге барыс септігінің жалғауын қосып жаз.

Бала, дәрігер, базар, дүкен, билет, жол, тамақ, кітап, сурет, көше.

2. Кімді, нені сұрақтарына жауап беретін сөздерді анықта.

Ол кітапты оқыды. Самал дәптерді көшірді. Ол сабақты жақсы оқиды. Мен Асанды көрдім. Еденді жудым. Сен досыңды сыйла. Әкем хатты оқыды. Екіні екіге қос. Ол тапсырманы орындады. Мұғалімді тыңдау керек. Мен қалада көп үйлерді көрдім. Аңшы аң ұстады. Мен сені таныдым.

3. Берілген сөйлемдерді аударып, табыс септігіндегі сөздерді теріп жаз.

Я видел этот фильм. Я выучил уроки. Охотник поймал зайца. Сауле сварила суп. Я не брала твое письмо. Мы

ждали поезд. Бумағу положила на стол. Я открыла дверь.

Жатыс септік.

1. Берілген сөздерге жатыс септігінің жалғауын қосып жаз.

Дәптер, қағаз, Асан, қыз, үстел, әже, сәрсенбі, әке, үй, көрші, тәрелке, ана, егіз, клуб, керует, еден, сөре.

2. Берілген сөйлемдерді аударып, табыс септігіндегі сөздерді теріп жаз.

Учебник у Асана. Тетради у меня. Школа в центре. Бабушка в городе. Он в Астане. Цветы на столе. На улице темно. В очереди много людей. У Асана нет тетради. Зимой поедем в город.

3. Кімде, неде сұрақтарына жауап беретін сөздерді анықта.

Оқытушы орындықта отыр. Қарлығаш бірінші қатарда отыр. Сыныпта оқушылар бар. Мұғалімде көп жұмыс бар. Дәптерде үй жұмысы жоқ. Жексенбіде серуенге барамыз. Жазда демаламыз. Сарада бор жоқ. Әкемде ақша жоқ. Үстелде түк жоқ.

Шығыс септік.

1. Мына сөздерді қазақ тіліне аударып, қай септікте тұрғанын анықта.

От врача, из бумаги, из масла, от Алии, из Алматы, из овощей, из сахара, из мяса, от друга.

2. Берілген сөйлемдерді аударып, табыс септігіндегі сөздерді теріп жаз.

Дети идут из школы. Дом делают из дерева. Я еду от друга. Спроси у учителя. Он несет учебники из библиотеки. Он вышел из дому. Возьми цветы у Марата. Кольцо сделано из серебра. Они возвращаются с гостей.

3. Кімнен, неден сұрақтарына жауап беретін сөздерді анықта.

Мен мектептен келе жатырмын. Ол бастықтан шықты. Көйлекті матадан тігеді. Ол қаладан келді. Асан дүкеннен шықты. Мен театрдан шықтым. Анам базардан келді. Ағаштан аспаптар жасайды. Еттен котлет жасайды.

Көмектес септік.

1. Берілген сөздерге көмектес септігінің жалғауын қосып жаз.

Жұмыс, орамал, кісі, сабын, жол, сіз, автобус, мұғалім, кеспе, дос.

2. Мына сөздерді қазақ тіліне аударып, қай септікте тұрғанын анықта.

Вместе с учителем, с другом, с гостями, с братом, со мной, с Каримом, с учителем, с отцом, с друзьями, с девушкой, с братом.

3. Кімнен, немен сұрақтарына жауап беретін сөздерді анықта.

Мен досыммен жолықтым. Ағашты балтамен жарады. Ботқаны қасықпен жейді. Нанды пышақпен кеседі. Жерді трактормен жыртады. Біз қайықпен жүземіз. Мен атпен келдім. Шегені балғамен қағады. Мен пойызбен келдім. Ол мұғаліммен сөйлесті.

Септік жалғауы жалғанған сөздерді тауып, сөз құрамына қарай талдаңдар.

Біз жазда Астанаға самолетпен саяхат жасадық. Біріншіге Асан дүнген кеспесін алды. Мен дүкеннен нан, сүт сатып алдым. Анам ауылдан қалаға келді. Сәкеннің әкесі заводта істейді. Абай көшесінде А.С.Пушкин кітапханасы бар. Кеше біз далада көп жүрдік. Ол досына хат жазды. Мен сүтпен шәй іштім. Жанар шешесімен

тұрады. Сіңлім телефонмен ұзақ сөйлесті. Жанат Жантасқа әңгіме айтты. Мен жексенбіде Көкшетауға барамын.

Тест (I деңгей)

1. Ілік септігінің сұрақтарын көрсет:

- а) кімнің? ненің? ә) кімге? неге?
б) кімді? нені? в) кім? не?

2. Ілік септігінің жалғауларын белгіле:

- а) -ға, -ге; ә) -ны, -ні;
б) -ды, -ді; в) -ның, -нің, -дың, -дің.

3. Барыс септігінің сұрақтары:

- а) кім? не? ә) кімді? нені?
б) кімге? неге? в) кімде? неде?

4. Барыс септігіндегі сөзді белгіле:

- а) қалада, далада; ә) қалаға, далаға;
б) қаланы, даланы; в) қала, дала.

5. Табыс септігінің жалғауын белгіле:

- а) -ны, -ты, -ті; ә) -мен, -бен, -пен;
б) -ға, -қа, -ке; в) -нан, -нен, -тан.

6. Табыс септігінің сұрақтары:

- а) кіммен? немен? ә) кімді? нені?
б) кімнен? неден? в) кімде? неде?

7. Жатыс септігінің жалғауларын белгіле:

- а) -ға, -ге; ә) -нан, -дан;
б) -да, -та, -те; в) -мен, -бен, -пен.

8. Жатыс септігінде тұрған сөздерді белгіле:

- а) үстелде, жерде; ә) қалаға, ағама;
б) ер, адам; в) менен, сенде.

9. Шығыс септігінің сұрақтары:

- а) кімде? неде? ә) кіммен? немен?
б) кімнен? неден? в) кімді? нені?

10. Көмектес септігінің жалғаулары:

- а) -мен, -бен, -пен;
- ә) -ға, -ге, -қа, -ке;
- б) -нен, -нан, -дан, -тан;
- в) -ның, -нің, --дың, -дің.

II деңгей

1. Қазақ тілінде неше септік бар?

- а) 5; ә) 7; б) 6; в) 4.

2. Кімді? нені? – қай септіктің сұрақтары?

- а) атау септік;
- ә) ілік септік;
- б) барыс септік;
- в) табыс септік.

3. Балаларыма сөзі қай септікте тұр?

- а) табыс септік;
- ә) барыс септік;
- б) жатыс септік;
- в) шығыс септік.

4. Жатыс септіктің жалғаулары:

- а) -ны, -ні; ә) -ға, -ге;
- б) -ды, -ді; в) -да, -де.

5. Барыс септікте тұрған сөзді белгіле:

- а) балалармен;
- ә) балаларына;
- б) балаларын;
- в) балалардың.

6. Мектептен сөзі қай септікте тұр?

- а) жатыс септік;
- ә) шығыс септік;

б) көмектес септік;

в) табыс септік.

7. Үстел дұрыс жалғауын қой.

а) -тың; ә) -нің; б) -тің; в) -дің.

8. Асан дүкен..... барады.

Тиісті септік жалғауын қой.

а) -да; ә) -ге; б) -нда; в) -ға.

9. Қай септіктің жалғаулары жоқ?

а) атау септік;

ә) ілік септік;

б) барыс септік;

в) жатыс септік.

10. «Н» қай септіктің жалғауы?

а) атау септік;

ә) барыс септік;

б) табыс септік;

в) жатыс септік.

III деңгей

1. Қай септіктің жалғауы буын үндестігіне бағынбайды?

а) атау септік;

ә) ілік септік;

б) жатыс септік;

в) көмектес септік.

2. Тәуелді септелген сөзді көрсет.

а) әкеде;

ә) әкені;

б) әкеме;

в) әкеден.

3. «Жақсы...үйрен, жаман... жирен» тиісті жалғауын белгіле.

- а) -тан, -мен; ә) -дан, -нан;
б) -ның, -мен; в) -дан, -ды.

4. Бағытты білдіретін септік:

- а) табыс септік;
ә) барыс септік;
б) жатыс септік;
в) атау септік.

5. Табыс септігіндегі сөзді тап:

- а) келді;
ә) балалы;
б) дәптерді;
в) кетті.

6. Септік жалғауы жалғанған зат есімді белгіле:

- а) жақсыны;
ә) жазғандарды;
б) келуді;
в) баланы.

7. Тәуелдік жалғауынан соң жалғанып тұрған табыс септігіндегі сөзді тап:

- а) алманы; ә) алманың;
б) алмамен; в) алмамды.

8. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаны белгіле:

- а) -ға, -ге, -қа, -ке; ә) -ның, -нің, -тың, -тің;
б) -ны, -ні, -ды, -ті; в) -мен, -бен, -пен.

9. Көмектес септігінде тұрған сөзді көрсет:

- а) ауылға бару; ә) ананы тыңдау;
б) есіктің тұтқасы; в) мұғаліммен сөйлесу.

10. -ға,-ге,-қа,-ке,-а,-е қай септіктің жалғаулары?

- а) барыс септік; ә) табыс септік;
б) жатыс септік; в) шығыс септік.

Мендібай ӘБІЛҰЛЫ,
филология ғылымдарының кандидаты,
Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің доценті. Қазақстан
Журналшылар одағының мүшесі.
Тараз қаласы.

«ЧАЙКАНЫ «ШАҒАЛА» ДЕП, «ГЛОБУСТЫ» «ЖЕР ШАРЫ» ДЕП ҚАШАН ӨЗГЕРТЕМІЗ

*немесе қазақтың қариялары орысшаны қалай тез
үйренді?*

Қалың қазақтың жиналатын жері – Тараз қаласындағы орталық базар – көк базардың жанында осы «Чайка» деп аталатын дүкен талай қазақтың қарияларын орысша шүлдірлеткені рас. Кезінде «Чайка» дүкенінің ауыл еңбеккерлері мен қала тұрғындарының сұранысын орындап, талай алғыс-ілтипат алғанын да атап айтуға тиіспіз. Кеңес Одағы кезінде орысша шүлдірлеу ерсі емес-тұғын. Ал тәуелсіздік алып, тереземіз өзге мемлекеттердің терезесімен теңесе бастаған мынау заманда өз тілімізде сөйлеп, өзіміздің ұлттық дәстүрлерімізді көздің қарашығындай сақтап, мемлекеттігіміздің іргесін нығайта беруіміз керек-ақ. Біздің қазақтың қарияларының тілі тезірек орысшаға жаттыға берсін деді ме, әйтеуір осы ауылдан келіп толқындай толқып, аялдамада автобус күтіп тұратын, халық көп жиналатын жерде «Чайка» деген орыс

сөзі ұзақ ғұмыр кешті, әлі де ұзақ ғұмыр кешетін түрі бар.

- «Чайка» деп аталатын дүкен кезінде бүкіл әулиеаталықтардың қажетін өтеп, оларға қызмет еткені рас. Аялдаманың жанында болғандықтан аялдаманың аты да «Чайка» аталып кеткен-ді. Ауылдан келген қариялар осы «Чайка» деген сөзді үйреніп алғанды үлкен жетістік деп есептеп жүрді. Менің кемпірім бір ауыз орыс сөзін білмеуші еді, бір күні Таразға орталық базарға барып құдай «ұрды». Түстен кейін үйге келіп: «Шайка, шайка...»- дей береді. «Не болды сонша шайкалап?.. Таразда шайка бандыларын көрдің бе?..»- деп ақырсам, кемпірім: «Е, өзің де айтасың ғой әнебір әнді! Қалай еді? Е, анау: «Еду, еду қашықтан, мен водовоз асыққан. Мөлдір су бар достар-ей, мөлдір су бар, достар-ей. Кому надо по скорей?..»- деп маған қарсы шықты айғайлап...»- дейді жасы сексеннен асқан Қонарбай ақсақал.

Осы орысшасы аралас халық әндері мен қазақ сазгерлерінің әндері баяғы, КСРО заманында бір шумақ орысшасымен айтылатын еді-ау! Ол сол кезде моды болып кеткен дейді ғой, рас болса... Сонан соң аптаның жұма күнін «День русского языка» деп белгілепті. Бұл күн – халықтың мешітке жиналып Алла тағалама жалбарылатын қасиетті күн. Рас болса, мұны да ойлап тапқан орысқа әбден жағынып, бөксесін бұратын жағымпазданған шала қазақтар дейді ғой...

«Бір күні бір жақын туысқаным Тараз қалалық ауруханасына жатып емделді. Ізінен кемпірім кетті. Түстен кейін кемпірім: «Гөр болнисаға бардым, пәленбайдың денсаулығы пока жақсы...»- деп сайрап отыр. Мен: «Сенің гөрболнисаң не?!.. Покаң не?!..»- деймін айқайлап. «Қазақша сөйле! Қалалық аурухана деп!..»- деймін ұрсып.

Маған әбден қырсыққан кемпірім: «Не когда...»- деп ауызын сылп еткізеді...»- дейді Қонарбай ақсақал.

«Сол «Чайка» аялдамасы әлі «Чайка» деп аталады. «Шағала» деп айта қалсаң аялдамадағы шала қазақтар бетіңе бежірейіп қарайды. Олар үшін «Шағала» -құбыжықтың аты...»- дейді Қонарбай. «Қариялар қалалық аурухананы әлі «Көрбалниса» дейді екен... «Көрбалниса» деген аты да жаман...

Шет елдерден келген қандастарымыз да Таразға келгеннен соң екі күннен кейін «Зеленый базар», «Чайка», «Глобус» деген үш сөзді әп-сәтте үйреніп алады екен. «Глобус» деген сөзді шет елдерден қоныс аударып келген қандастарымыздың тез үйреніп алатын себебі – Жамбыл облыстық көші-қон басқармасының кеңсесі «Глобус» деп аталатын дүкеннің жанында. Шет елдерден келген қазақтар да орысшаны тез үйреніп алсын дегендей осы дүкеннің атын «Глобус» қойғанын қараңызшы! Мұны қандай көреген қойды екен? Онан соң олар «Нар банк», «Нас банк» деген екі сөзді тағы да үйреніп алады екен. Себебі, оларға арналған мемлекеттік квота бар ғой. Квотаны банктен алады. Сонан соң көші-қондағылар шеттен келген қандастарымыздан «Вичің бар ма? Вичіңді тексертесің...»- дейді екен. Сонда түсінбей қалған қандасымыз: «Менің бишім жоқ. Би билейтін қызым Алматыда оқып жатыр. Квотанды берсең би билетем...»- дейді екен әзілдеп. Алдыңғы «Нар банк» құлаққа жағымды естіледі. Өзбекстаннан келген Күлтегін атты қария: «Нар банкті мен ақшасы көп банк болғандықтан «Нар банк» деп атаған шығар дедім, себебі «Жүкті нар көтереді» деген сөз бар біздің қазақта, яғни, «Көп ақшаны нар көтереді...»- деген сөз екен ғой дедім, олай емес екен,

бұнысы «Народный банк» деген сөзі екен деп жымыиып күліп отыр. «Ал мынау «Нас банк» дегенді әуелі «Наш банк» деп есіттім. «Наш банк» деген «Біздің банк» деген емес пе? Кейін білсем онысы «Наш банк» емес, «Нац банк» екен. Қай қазақ «Нац банк» дейді? «Нас банк» демей ме? Мен «Нас банк» дегенге қосыла қоймаймын, себебі «Нас» деген сөз қазақша жаман сөз. «Лас», «Былғанышты» деген сөз. Мен алғаш «Не үшін «Нас банк» деп атаған екен...» деп ойланып жүрсем, мұнысы – «Национальный банк» дегені екен ғой, қысқартып: «Нац банк» деген екен...»- дейді Күлтегін атамыз кеңкілдеп күліп.

Сол Күлтегін қарияның әңгімесі ғой баяғы. «Бір күні бір кемпір сол «Чайканың» жанында бір әйелге: «Жыды вокзалға» бара жатырмын...»-дейді. Мен: «бұл қалада жынды вокзал да бар екен ғой...»- деймін таңқалып. Сөйтсем әлгі кемпірдің «Жыды вокзал» деп жүргені «Жд. вокзал» екен ғой... Кәдімгі «Железнодорожный вокзал» деген орыс сөздерінің қысқарған түрі. Біздің қазақ кеңпейіл ғой... «Орыс-бауырымыз, орыс сөзін үйреніп алайық...» деп орыстарға құшақ жайып дос болғандағысы ғой. Бірақ сол орыс: « Қазақ біздің бауырымыз ғой, біз де қазақ тілін үйренейік...» деп айта қоймасы анық. Бірақ оны елеп жатқан кеңпейіл қазақ жоқ: «Мейлі, үйренбей-ақ қойсын, қазақтар көбейген соң өзі үшін үйренер...» деп және даладай кең пейілін білдіріп жатады. Әйтпесе «Шойын жол вокзалы» немесе «Темір жол вокзалы» десе қатып тұр ғой...

Сонымен... «Чайканы» қашан «Шағала» деп өзгертеміз? «Глобусты» да «Жер шары» деп өзгертетін уақыт келген жоқ па?

Айтпақшы, «Чайканың» қазақшасы «Шағала» екенін білеміз. Бірақ осы «чайка» деген орыс сөзін қариялар, жастарымыз да «чайка» деп сөйлемейді, «шайка» деп сөйлейді. «Шайка»- жақсы сөз емес, ұйымдасқан бандылардың тобын «шайка» деп те атайды.

...Қала ішіндегі бағытпен жүретін №25 автобус кондукторының: «Келесі аялдама- «Жібек жолы» деген аңдатпасын естіп қуанып қалдым. «Жібек жолы». «Келесі аялдама- Арай». Жүрекке жылы тиеді...

«Қазақтелекомда» Түрікменстаннан келген қандасымыздың Ашқабатқа қоңырау шалып айтып жатқан сөздерін есіме алдым: «Аман-есенбіз. Таразға келдік, «За линиеден» үй сатып алдық... Иә, иә, «Чайканың» жанынан мінесің де «Мешниковадан» түсіп қаласың, сонан соң «Хром заводқа» барасың... Жәкен бе? Жәкен «Горболнисадан» шықты, «Красный звездадан» үй алды... Құдасы Ванновкада... Інісі Михайловкада... Қарындасы «Степноеда» ...Қайдан дейсің бе? «Жыды вокзалдан» мінесің... Иә, иә... №55 автобуска отырасың. Қандұқтұр: «Лермонтов бар ма?» деп сұрайды. Сен бар дейсің. Не?!... Лермонтов дейсің бе?! «Лермонтов жоқ» дейсің бе?... «Әлдеқашан өлген?...» Лермонтовтың өлгені рас қой. Бірақ қандұқтыр солай деп сұрайды. «Лермонтов аялдамасында түсетін жолаушы бар ма?» деп сұрау керек ғой. Олай деп сұрамайды. «Лермонтов бар ма?» деп сұрайды. Мен оған: «Оны орыстан сұра...»- деймін... Лермонтов қазір жоқ. Соның атына қойылған. Иә...»

Тараздағы «Көк базарда» екі таныс кемпір сөйлесіп тұр:

- Менің кішкене немере қызым Петровкаға тұрмысқа шығып кетті,- дейді біріншісі.

- Баяғыда Петровка деген тракторшы бар еді, соның баласына ма?- деп сұрап жатыр екіншісі.

- Ж-о-о-қ... «Петровка» ауылына дегенім ғой...

- Иә, бәсе, солай десеңізші...Менің үлкен қызымның баласы Самсоновканың қызын алды,- десе. Анау әжеміз:

- Орыспен құда болдың ба? Самсоновка бейшараның қайтыс болғанына жиырма жылдан асып кетті ғой, соның немересі шығар?- дейді. Жоқ-ә. «Самсоновка» ауылының қызы дегенім ғой...

Бірде аудиотаспадан орыс әуендерін шырқатып келе жатқан автобус жүргізушісіне бір топ білімгерлердің: «Аудиотаспадан неге қазақша әндерді шырқатпайсыз?! Автобустағы жолаушылардың бәрі қазақ емес пе?!»- деп айқайлап тұрғанын көргенде: «Сана-сезімі жетіліп келе жатқан жастар да бар екен ғой...»- деп шүкіршілік қылғаным бар...

Бір тақырыпты айтып отырсаң, екінші бір тақырып көтеріледі...

Сонымен...«Чайканы» «Шағала» деп, «Глобусты» «Жер шары» деп қашан өзгертеміз?

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 03.09.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1470. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

**Басылатын жері – «Хай Текнолджи» полиграфиялық
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№9, 2012 ж., 144 бет, Алматы.